БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 247 (9565) ‖ 1954 жылғы 14 декабрь Сейсенбі ‖ Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

САЙЛАУШЫЛАР КОММУНИСТЕР МЕН ПАРТИЯДА ЖОҚТАРДЫҢ БЛОГІ ҰСЫНҒАН КАНДИДАТТАРҒА БІРАУЫЗДАН ДАУЫС БЕРДІ: № 27 сайлау пунктінде. Бақытты болашақ үшін. Аудан еңбекшілерінің белсенділігі. Отан үшін, бейбітшілік үшін (1-бет).

ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНДА (2-бет).

КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ: **И. Михайлов.** —Жастардың саяси біліміне көңіл бөлінбеген. **К. Ахметаев.** —Комсомолецтер мал шаруашылығына белсене қатысып жүр. (2-бет).

**А. Голозубов.** —Елеулі кемшіліктер орын алған жерде (2-бет).

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде (2-бет).

МАЛДЫ ҚОРАДА БАҒЫП- КҮТУДІ ҮЛГІЛІ ӨТКІЗЕЙІК: **С. Удовенчук.** — МТС мал шаруашылығына көмектеспей отыр. **Л. Карпучева.** —Алғашқы табыстарым (3-бет).

**Т. Кәдіров.** —Егіске әзірлікте өткен жылдың кемшіліктері қайталануда. (3-бет).

**Н. Мишин.** —Еңбек өнімділігі арта түсуде. (3-бет).

Бес миллион адам болды (3-бет).

**Х. Рахматуллин.** —Жұмыс та істейді, білім де алады (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

# Советтік демократияның салтанаты

Кеше, 12 декабрьде біздің республикамызда, сондай-ақ РСФСР-де, Белорус, Әзербайжан, Литва, Латыш, Қырғыз, Тәжік, Армян және Карел-Фин Советтік Социалистік Республикаларында халық соттарының сайлауы болып өтті.

Өткен сайлаулардағы сияқты халық соттарының бұл сайлауы да советтік социалистік демократияның буржуазиялық демократиядан түбірлі артықшылығын бүкіл әлемге тағы да айқын көрсетті. Совет адамдары өткен сайлаулардағы сияқты бұл сайлауда да өздерінің Коммунистік партияның төңірегіне тығыз топтасып отырғандықтарын, Совет Үкметіне, Ұлы Отанымызға шексіз сүйіспеншіліктерін көрсетіп отыр.

Совет адамдары Советтік Конституцияда жазылған праволарын пайдаланa отырып, сайлауға белсене қатысты. Олар коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға, сүйікті Отанымыздың таңдаулы ұлдары мен қыздарына дауыстарын беріп, сайлаудың зор ұйымшылдықпен өтуіне және оның жеңіспен аяқталуына келелі үлес қосты. Мұны біздің облыстың мысалдарынан да көруге болады.

Халық соттарының сайлауы, бүкіл республикамыздағы сияқты, біздің облысымызда да барлық еңбекшілердің, сайлаушылардың асқан зор саяси белсенділік, ұйымшылдық және тығыз ынтымақ көрсетуі жағдайында өтті. Сөйтіп халық соттарының сайлауы облысымыздың барлық аудандарында бүкілхалықтық нағыз мейрамға айналды. Қалада, сондай-ақ ауыл-селоларда сайлау пункттері сайлау күні таялған күндері-ақ ерекше әшекейленіп, мерекедегідей безендірілген болатын. Оларға күн сайын адамдар көптеп келіп, үгіт пункттеріндегі газеттерді, журналдарды оқыйтын, радио тыңдайтын, сөйтіп мәдениетті тынығатын. Ал сайлау күні бұл жұмыс бұрынғыдан да қыза түсті. Барлық сайлаушылар мәдениетті қамтылды. Олар сайлау пункттерінен көңілді оралып, өздерінің өндірістік жұмыстарына жаңа жігермен кірісті.

Петропавл қаласындағы № 13 сайлау пункті шағын двигательдер заводының клубына орналасқан-ды. Сондықтан да мұндағы сайлаушылардың басым көп- дауыс беру басталысымен бірінші болып бюллетень алып, дауыс берді.

—Мен, —деді жас сайлаушы Салиқа, бақытты совет жастарының бірімін. Мен өзімнің дауысымды жарқын болашағымыз, бақытты өміріміз үшін беремін. Сонымен қатар, мен дауысымды баянды бейбітшілік үшін беремін. Біз соғыстың не екенін жақсы білеміз. Соғыс- қалалар мен селоларды өртеу, халықты күйзеушілікке ұшырату деген сөз. Сондықтан бізге соғыс керек емес, бейбітшілік керек. Ал егер соғысқұмар империалистер бейбітшілік сүйгіш біздің елімізге арам тұмсығын сұғып, біздің бақытты өмірімізге кеселін келтіре қалса, онда біз жауға бас көтерместей соққы беруге әзірміз.

Көп сайлау пункттерінде сайлау бюллетеньдеріне патриоттық сөздер жазылған. Оларда былай делінген: «Мен бақытты өміріміздің жарқын болашағы үшін дауыс беремін», «Коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидаттарға дауыс бере отырып, советтік әділ заң үшін дауыс беремін», «Ұлы Отанымыз үшін, Коммунистік партия үшін дауыс беремін».

Міне, жоғарыда айтылған патриоттық сөздерден, совет адамдарының осы шынайы пікірлерінен халықтың өз Отаның пейілінше шексіз сүйетіндігін көруге болады. Бұл патриоттық сөздер мен шынайы пікірлер біздің елімізде халық соттарының халықтың құрметіне бөленгендігін сыйпаттайды.

Совет соты социалистік мемлекетіміздің мүддесі үшін, халық мүддесі үшін қызмет етеді. Ол әрқашан халықпен тығыз байланысты. Ол халықтың заңдарда жазылған талабын бұлжытпай орындап отырады. Совет соты азаматтарды советтік патриотизм рухында, адалдыққа, шыншылдыққа, қоғамдық меншікке қырағы болу рухында тәрбиелейді. Сонымен қатар совет соты ескінің қалдықтарына, жиіркенішті әдет- ғұрыптарға қарсы күрес жүргізеді. Демек, совет соты Отанымыздың күш- қуатын нығайта беруде зор роль атқарады, ол барлық еңбекшілердің мүддесін көздеп қажымай- талмай қызмет етеді. Міне осы себепті совет халқы совет сотын құрметтейді.

Халық соттарын сайлау алдында облысымыздың кәсіпорындарында, колхоздарда МТС- терде совхоздарда үгіт- бу-

# Сайлаушылар коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға бірауыздан дауыс берді

☆

## Аудан еңбекшілерінің белсенділігі

Октябрь ауданында халық соттарының сайлауы колхозшы шаруалардың, МТС, совхоз қызметкерлерінің, қызметшілердің және еңбекшілердің басқа да топтарының саяси зор белсенділігімен өтті. Таңертеңгі сағат 6-да сайлау пункттеріне 3,5 мыңнан астам сайлаушылар жыйналды.

Түнгі сағат 4. Сергиевка сайлау пунктінің кең залында сайлаушылар лық толы. Олардың ішінде екі өмірдің куәсі—99 жастағы қарт сайлаушы Мария Афанасьевна Серенко бар. Ол дауыс беру сағаты басталғанда сайлау урнасына бірінші болып келді. Мария Афанасьевна дауыс беріп тұрып, былай деді:

— ССРО Конституциясы қарттарды құрметке бөледі. Коммунистік партияның басшылығымен колхоз құрылысы жылдан-жылға нығайып, колхозшы шаруалардың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесі артуда. Мен колхозды деревняның экономикасы мен мәдениеті одан әрі өркендей беру үшін, бейбітшілік пен халықтар арасындағы хауіпсіздік үшін коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беремін.

Алғашқы сағатта Белоградск сайлау, пунктінде сайлаушылардың 90 проценті, Кричевск сайлау пунктінде сайлаушылардың 85 проценті, ал Жалтыр сайлау пунктінде сайлаушылардың 95 проценті дауыс беріп болды. Барлық сайлау участоктерінде көптеген сайлаушылар жалынды сөз сөйлеп, Коммунистік партия мен Совет үкметіне деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдірді, социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі күресте еселеген жігермен еңбек ететіндіктерін мәлімдеді.

Таңертеңгі сағат 11-де аудан сайлаушыларының 75 проценті дауыс беріп болды. Барлық сайлау пункттерінде сайлаушылар үшін көркемөнерпаздардың концерттері берілді, кинокартиналар көрсетілді, лекциялар мен баяндамалар оқылды. Ленин сайлау пунктінде орта мектептің оқытушылары мен оқушылар коллективі пьеса қойды, ән-билер ұйымдастырды.

Дауыс берудің қорытындысы советтік

☆

## № 27 сайлау пунктінде

Сағат таңертеңгі алтыға 10-15 минуттей ғана қалды. Бір-ақ декабрьдің ұзақ түнінің іргесі әлі сөгілетін емес. Ай мен электр шамының араласқан сәулесі плакат, ұрандармен безендірілген Петропавлдағы № 27 сайлау пунктін алыстан-ақ көрікті етіп көрсетеді. Пунктке сайлаушылар тұс-тұстан ағылып келіп жатыр.

Пункттің демалыс залында әлде-қашан ақ жыйналып өлең айтып, радиоланың қостауымен би билеп жатқан жас сайлаушылардың ойын-сауығы да қыза түсуде.

Сағат алты. Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің осы сайлау пунктіндегі уәкілі Яков Петрович Улитов жолдас есеп комиссиясының барлық мүшелерінің көзінше сайлау жәшіктерінің, сайлаушылар тізімінің бар-жоғын тағы бір тексеріп, урналарды жауып печаттады да, сайлаушыларды халық соттарын сайлаудың басталуымен құттықтады және оларды өздерінің азаматтық праволарын орындауға шақырды.

Дауыс беру басталды. Тұңғыш рет дауыс бергелі тұрған жас сайлаушы сауда-кулинарлық мектептің оқушысы Тамара Хомулло бірінші болып бюллетень алды. Ол есігі алуан түрлі гүлдермен көңкерілік, көгілдір матамен шторланған кабинаға кірді де, онда аз бөгеліп, урнаға келді, қолындағы бюллетеньді урнаға салар алдында былай деді:

—Сайлаушы жолдастар! Мен быйыл 18 жасқа толдым. Кәзір мен социалистік меншікті, социалистік заңдылықты, еңбекшілердің саяси мүлік, еңбек праволарын қорғайтын халық соты мен халық заседательдеріне ұсынылған кандидаттарға дауыс бергелі тұрмын. Мұны зор мақтаныш етемін.

Бұдан кейін Петропавл ауданы, Чапаев атындағы колхоздың қарт колхозшылары Сергей Григорьевич Кириллов пен оның зайыбы Екатерина Даниловна дауыс берді.

Пунктке сайлаушылардың лек-легімен ағылып келуі манағыдан да көбейе түсті. Оларға алты жерден бюллетень берілуде. Бюллетень алу кезегін күтіп тұрғандар залға лық толы. Бәрінің де жүздері қуаныш пен мақтанышқа бөленген. Олар кабинадан шығып урнаға бюллетень салып жатқандарға достық және бір тілек, бір мақсаттық сезіммен қарасады.

Міне, урна алдында қаладағы су провод слесарі Павел Алексеевич Румянцев келді.

—Мен коммунистер мен партияда жоқтардың блогі үшін дауыс беремін. Өйткені, бұл блок совет халқын тамаша жеңістерге жеткізуде, бүкіл дүние жүзіндегі халықтардың хауіпсіздігі мен бейбітшілігін қорғау туын берік ұстауда. Бейбітшілік соғысты жеңеді, —деп қолындағы бюллетеньді урнаға салды.

Дауыс беріп шыққан сайлаушылар демалыс залына барып жастардың ойын-сауығын тыңдауда, дойбы, шахмат ойнауда. Балалы әйелдер мен қарт сайлаушылар арнаулы бөлмелерде дем алуда. Сайлаушылардың ауқаттануы, кондитер, жеміс, тағы басқа тағамдар сатып алуы үшін 3 жерде буфет ұйымдастырылған.

Алғашқы екі сағатта пунктте 500-ден астам сайлаушы дауыс берді. Күндізгі сағат 12-де сайлау пунктінің барлық сайлаушылары дауыс беруге түгел қатысты Бірақ пункттегі жастардың ойын-сауығы кешке дейін бір тынған жоқ.

Түнгі сағат 12. Есеп комиссиясы урналарды ашып, дауыстың қорытындысын шығаруға кірісті. Дауыс саналып болғаннан кейін еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің уәкілі Улитов жолдас комиссия мүшелеріне мынаны хабарлады

—№ 27 сайлау пунктіндегі барлық сайлаушылар № 19 Сталин сайлау округі бойынша дауысқа түскен халық сотына кандидат Лидия Андреевна Груднистаяға және 75 халық заседательдеріне бірауыздан дауыс беріп, өздерінің Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне берік топтасқандығын тағы да салтанатпен көрсетті.

☆

## Бақытты болашақ үшін

**СМИРНОВ, (Телефон арқылы алынды).** Совет ауданының орталығы—Смирнов поселкасының тұрғындары бүкілхалықтық мереке—халық соттарының сайлауы күнін зор қуанышпен қарсы алды. Мерекедегідей түрге келтірілген орта мектеп үйінің кең залына кештен бастап жыйналған адамдар дауыс беру басталғанға дейін көбейе түспесе селдіреген жоқ. Жүздерінен қуаныш пен бақыттылықтың нышаны айқын сезілген сайлаушылардың бұл күнді көптен күткендігі айтпай-ақ белгілі. Әсресе өздерінің азаматтық борыштарын тұңғыш рет өтеуге келген жас сайлаушыларды бірден тануға болады.

— Мен ССРО Конституциясы берген правомды пайдаланып, бірінші рет коммунистер мен партияда жоқтардың одағы ұсынған кандидаттарға дауыс бергелі тұрмын, —дейді Смирнов орта мектебінің X-класс оқушысы Салиқа Тілесова.—Бұл күн менің өміріміздегі ең бір бақытты кезең ретінде мәңгілік есте сақталады.

Алғаш рет дауыс бергелі тұрған Темірболат Мауытовтың да қуанышы шексіз

—Бақытты болашақ, жарқын өмір үшін дауыс беру қандай абройлы, қандай бақытты,—дейді ол.

Сайлау басталғанға дейін № 14 сайлау округінің № 16 сайлау пункті орналасқан бұл үйге 150-ден астам сайлаушылар жыйналды. Еңбекшілер депутаттары аудандық Совет аткомінің өкілі Васильев жолдас сайлаушыларды дауыс берудің басталуымен құттықтағаннан кейін бірінші болып 79 жастағы қарт Мұқатай Қазиев бюллетень алды.

—Мен өмірімнің жартысының астамын түнек заманда, қорлық тұрмыста өткіздім, —деді ол. —Шын бақытқа тек Октябрь революциясынан кейін қолым жетті. Мен өз дауысымды бақытты өмір, жарқын болашақ үшін беремін.

Бір сағат уақыттың ішінде мұнда сайлаушылардың жартысынан астамы дауыс беріп болды.

Дауыс беру темір жол сайлау пунктінде, Көктерек, Совет МТС-і сайлау пункттерінде де зор саяси және өрлеу үстінде өтті.

## Отан үшін, бейбітшілік үшін

№ 13 сайлау пункті қаланың шетіндегі шағын двигательдер заводының жақында

халықтардың мақсатын көздейтін саясаты үшін дауыс беремін.

...инженер-техник қызметкерлері, олардың семья мүшелері еді. Сайлау пункті 11 декабрь күні кештен бастап лық толы адам болды. Коммунистер, комсомолецтер үгітшілер дауыс беретін бөлмелерді, кабиналарды, урналарды жабдықтауға, безендіруге белсене катысып, дауыс берудің басталуына қызу әзірлік жүргізді.

Таңертең сағат 6-да, дауыс беру басталған соң осы заводтың слесарі Федор Никифорович Махов жолдас бірінші бюллетеньді алып, былай деді:

—Халық сотына өзіміз ұсынған қалаулы адамдар үшін дауыс беріп, біз сүйікті Отанымыздың онан әрі гүлдене беруі үшін, бейбітшілік үшін, халық бақыты үшін дауыс береміз.

Октябрь ауданында да халық соттарының сайлауы сайлаушылардың зор ұйымшылдығымен өтті. Жалтыр сайлау пунктінде алғашқы бір сағат уақыттың ішінде сайлаушылардың 95 проценті, Белоградск сайлау пунктінде 90 проценті, ...ченск сайлау пунктінде 85 проценті дауыс берді. Ал ауданды тұтас алғанда күндізгі сағат 11-ге дейін сайлаушылардың 75 проценті дауыс беріп болды. Мұның өзі совет адамдарының тамаша ынтымағын, берік бірлігін көрсетеді.

Совет ауданындағы № 16 сайлау пунктіне ерте сағат бесжарымда 79 жастағы қарт сайлаушы Мұқатай Қасиев пен Смирнов орта мектебінің оныншы класының озат оқушысы, жас сайлаушы Салиқа Тілесова жолдастар келді. Олар қаралық жұмыстары кең өріс алды. Өндірістік жұмыстарда жаңа, жоғары көрсеткіштерге жету үшін социалистік жарыс қыза түсті. Осының нәтижесінде кәсіпорындарында сменалық, айлық өндірістік тапсырмаларды орындауда, колхоздар мен МТС-терде және совхоздарда көктемгі егіске әзірлікте, мал қыстатуды өткізуде, төл алуға әзірлікте едәуір жұмыстар істелді. Сайлау алдындағы үгіт-бұқаралық жұмыстары бүкіл еңбекшілердің саяси және өндірістік белсенділігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Жергілікті партия, совет ұйымдарының қазіргі міндеті—сайлау алдындағы қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, бұдан былайғы күндерде де халық шаруашылығының барлық саласында жаңа табыстарға жету үшін үгіт- бұқаралық жұмыстарын онан сайын күшейте берулері керек. Сөйтіп олар облысымызда көктемгі егіске әзірліктің қысқа мерзімде тыңғылықты аяқталуына, мал қыстатудың үлгілі өткізілуіне жетісулері қажет.

Совет соты советтік заңды бұлжытпай жүзеге асыра отырып, сайлаушылардың талаптарын орындай отырып, халық шаруашылығын өркендете беру, Отанымыздың күш- қуатын арттыра беру күресіне өздерінің үлестерін қоса білулері керек. Бұл олардың ардақты борышы.

Советтік Конституцияның туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

# Жылдық жоспардан тыс шығарылған көмір

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Калинин атындағы шахтаның кеншілері жылдық жоспардан тыс отын шығара бастады. Бір тәулікте шығарылған отынның мөлшері жыл басындағымен салыстырғанда мұнда орта есеппен 100 тонна артты. Әрбір жұмысшы бір айда тапсырмадағыдан төрт тонна көмірді артық шығарады.

Шахтада жер асты поездарын пайдаланудың жаңа тәртібі енгізілді. Бұрын электровоздар жеке участоктерге бекітіліп берілетін. Қазір поездар диспетчерлік график бойынша жүргізіліп, олар мейлінше қажет болған жерлерге бірінші кезекте жіберіледі. Электровоз жүргізушілері көмір тиеген жерасты поездарының жүру жылдамдығын орта есеппен сағатына үш километр арттырды. Мұның өзі олардың әрқайсысына смена сайын қосымша екі рег көмір тасуына мүмкіндік береді.

№ 105 шахтада да жылдық тапсырма мерзімінен бұрын орындалды, мұнда үзілісті жұмыс аптасына көшірілуінің нәтижесінде көмір шығару 15 процент артты. Жалпы демалыс күні кен жабдығы ғана жөнделіп, транспорттық линиялар бірсрыннан екінші орынға көшіріледі. Еңбектің жаңаша ұйымдастырылуы механизмдерді алыстан басқару әдісін енгізуді жеңілдетті, агрегаттарда қызмет істейтін жұмысшылардың саны азайтылды.

# Құрылыс индустриясының жаңа кәсіпорындары

Қазақстан Министрлер Советі мен КП Орталық Комитеті құрылыс индустриясының бірнеше кәсіпорындарын салу туралы қарар қабылдады. Таяудағы екі-үш жылдың ішінде республикада үй қабырғаларының материалдарын шығаратын 55 завод құрастырмалы темірбетон шығаратын 46 завод пен полигон әк шығаратын 10 завод пен ірі цех алты гипс және цемент заводтары, екі арматур заводы салынады. Олар негізінен тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарда сондай-ақ құрылыс материалдарының кәсіпорындары жоқ облыстарда салынатын болады.

Құрылыс индустриясының бірнеше кәсіпорны Қарағандыда салынады. Мұнда қазір жылына 60 мың текшеметр темірбетон шығаратын завод салынып жатыр.

Семейде, Павлодарда, Қостанайда, Гурьевте және Ақмолада жылына 60 миллион дана кірпіш шығаратын силикат кірпіш заводтарын салу белгіленді. Кәсіпорындардың үй қабырғаларын қалауға арналған силикат блоктар шығаратын цехтары болады. Аудан орталықтарында және орталық усадьбалары салынып жатқан совхоздар мен МТС-тердің маңында маусымдық жұмыс істейтін жүзден астам кірпіш заводтары салынады. Жамбыл облысында гипс бұйымдарын шығару, Гурьев облысында тас ракушечник шығару кеңінен өріс алады. (ҚазТАГ).

демократияның ұлы жеңісін көрсетті. Халық судьялары мен халық заседательдігіне сайланғандардың бәрі де коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары.

## Зор саяси өрлеу

Таңертеңгі сағат 6. В. И. Ленин атындағы клубтың кең залындағы № 38 сайлау пунктіне теміржолшылар, машинистер, вокзал жұмысшылары лық толған. Олардың барлығы № 18 вокзал сайлау округі бойынша халық соттарының құрамына ұсынылған кандидаттарға дауыс беріп, өздерінің азаматтық борыштарын өтеуге келгендер. Қалалық Советтің өкілі Мариясов жолдас қысқаша сөз сөйлеп, азаматтардың халық соттарының құрамына өздері ұсынған кандидаттарға дауыс беруді ашық деп жариялады. Бірінші болып еңбек мүгедегі Владислав Иванович Зелинский қарт бюллетень алды.

—Менің жас кезімде де әртүрлі сайлау болатын,—деді ол,—бірақ ол сайлаулар біз сияқты қарапайым халықтар үшін мереке емес, жаңа қасіреттің бір түрі болып келетін. Ал қазір біздің советтік жаңа заманда әрбір сайлау—халықтық үлкен мерекеге айналатындығын өздеріңіз жақсы білесіздер. Мен сияқты сіздер де өздеріңіздің таңдаулы ұлдарыңыз бен қыздарыңызға дауыс бересіздер.

Мұнан соң жас сайлаушы Әлпия Оспанова сөз сөйлеп, өзінің бақытты заманның қызы екенін, оған білім, тәрбие беріп мәпелеп өсіріп келе жатқан Коммунистік партияға, Совет Үкметіне деген шексіз алғысын білдірді.

салынған клубына орналасқан. Сайлау пунктіне халық сенбі күнгі кештен бастап жиынала бастады.

—Әлі есімде,—дейді қарттардың бірі, мұнан 15-16 жыл бұрын бұл арада ештеңе жоқ, жазық дала еді. Қала халқының мал жайылымы болатын. Қазір мүлдем басқа, жаңа үйлер салынған. Біздің клубтың алдына екіқабатты үйлердің көшесі пайда болды. Аз жылдың ішінде қаланың бейнесі шұғыл өзгерді.

—1955 жылы жүргізілетін құрылыстың көлемі өте зор,—деп қостады екінші бір қарт.—Бірқатар көшелер асфальттанады.

...Клубтың кең залына кілемдер төселіп, мереке түріне енген. Дауыс беретін урнының алдына түрлі гүлдермен қоршалған В. И. Ленин мен И.В. Сталиннің портреттері қойылған.

Қалалық Советтің уәкілі Архиерейский жолдас дәл сағат 6-да сайлаушыларды дауыс беруге шақырды. Шағын двигательдер заводының слесарі Федор Никифорович Махов бірінші болып бюллетень алды. Қарт жұмысшы толқып сөз сөйледі:

Халық сотына өзіміз ұсынған қалаулы адамдар үшін дауыс беріп, мен сүйікті Отанымыздың онан әрі гүлдене беруі үшін бейбітшілік үшін, халық бақыты үшін дауыс беремін, —деді ол. —Адамзаттың жауы— американ империалистері жаңа соғысқа әзірленуде, ол герман фашизмінің қаратүнек күшін қайта тудырмақ. Соғыс өртін тұтатпушылар біліп қойсын, біз өзіміздің бейбіт өмірімізді бұзуға ешқашан жол бермейміз. Мен бүгін партия мен үкметтің данышпан саясаты үшін совет және барлық бейбітшілік сүйгіш

Заводтың жинақтау цехының жас жұмысшысы Люба Пискарева урнаға бюллетень салды. Ол бірінші рет дауыс берді.

—Бұл мен үшін қуанышты күн,—деді ол. Мен мынаны мәлімдегім келеді: бізге, совет адамдарына зор қамқорлық көрсетіп отырған Коммунистік партияға көп рахмет! Оның қамқорлығының арқасында біздің өміріміз күннен- күнге гүлденуде. Біз еңбек өнімділігін үзіліксіз арттырып, советтік Отанымыздың қуаттылығын нығайта береміз.

—Біз, деді ол, —үстіміздегі жылдың өндірістік тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шығу үшін социалистік жарысты күннен күнге өрістетеміз. Бізде көптеген жұмысшылар сайлау күніне өндірістік тапсырмаларын артығымен орындап келді. Біз бұл табысымызды баянды етумен қатар оны бұдан былайғы күндерде де өрістете береміз. Біздің табысымыз, адал еңбегіміз жауға соққы болып тиеді. Жау біздің табысымызды көре алмайды, Сондықтан да олар біздің социалистік құрылысқа кеселін тигізуді, шаруашылығымызға күйзеушілік туғызуды мақсат етеді. Бірақ жаудың бұл арам ниеті іске аспайды. Оған совет халқының және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік сүйгіш халықтардың бірлігі, ынтымағы кепіл. Бұл бірлік пен ынтымақ барған сайын нығая түседі. Оған біздің сеніміміз зор.

Жұмысшылар, инженерлер, қызметшілер, үй шаруасындағы әйелдер, оқытушылар мен студенттер лек-лек боп келіп, дауыс берді. Таңертеңгі сағат 10-да сайлаушылардың тең жартысынан астамы өздерінің борышын өтеді.

## ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН

Облыстық финанс бөлімінің үйі бұл күні мерекедегідей безендірілген. Мұнда № 16 Ленин сайлау округінің № 11 сайлау пункті орналасқан. Дауыс беру басталуына әлі де көп уақыт қалса да сайлаушылар пунктке қарай ағылып келе бастады. Олардың ішінде патша өкметі тұсындағы ауыр өмірдің зардабын көрген қарттар да, бақытты заманда туып, Оған қамқорлығына бөленген жастар да бар. Олардың барлығы да бұл мерекелі күнге өздерінің еңбектегі зор табыстарын тарту еткен. Солардың бірі «Главмуканың» ағаш шебері Егор Кузьмич Емельянов жолдас. Ол жасының ұлғайғанына қарамастан өндірісте табысты еңбек етіп жүр. Егор қарт зайыбы Василиса Андреевнамен бірге сайлау пунктіне түнгі сағат екіде-ақ келген.

Сайлау бюллетенін бірінші болып Егор Кузьмич Емельянов пен Василиса Андреевна алды. Егор Кузьмич бюллетенін урнаға салып тұрып былай деді:

—Мен өзімнің дауысымды халық қалаулылары үшін зор қуанышпен беремін. Сөйтіп жер жүзінде баянды бейбітшіліктің және бақытты өмірдің орнауына өзімнің үлесімді қосамын.

Бұдан кейін жас сайлаушы, қалалық байланыс мекемесінің қызметкері Мукашева Майра, жақында ғана армия қатарынан оралған, ауылшаруашылық техникумының студенті Анатолий Науменко жолдастар дауыс берді. Сағат 12-ге дейін № 11 сайлау пунктінің барлық сайлаушылары дауыс беріп болды.




Халық судьялары мен халық заседательдеріне дауыс беру асқан зор ұйымшылдықпен өткізілді.

**Суретте:** (солдан оңға қарай) 1. № 16 сайлау округінің 9-сайлау пунктінде дәрігерлік техникумның, екінші курсында оқыйтын комсомолка Роза **Құстаева** мен Совет Одағының батыры, облыстық сауда бөлімінің меңгерушісі В. Ф. **Сербулов** жолдастар бірінші болып дауыс берді. 2. Осы сайлау пунктінің қарт сайлаушылары ерлі-зайыпты Анастасия **Варфаломиевна** мен Иван Константинович **Кисляковтар** сайлау бюллетеньдерін алып тұр. 3. А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинатының клубындағы № 31 сайлау участкесінде (оңнан солға қарай), өндіріс озаттары: Әліш **Әбдіқалықов**, слесарь **В. В. Исаев** және жас сайлаушы комсомолка Оля **Белозерова** жолдастар.

Суретті түсірген **Г. Иванов**.

*Партия ұйымдарында*

## Нұсқаушының жұмысы туралы

Жақында ҚКП Булаев аудандық комитеті МТС аймағы жөніндегі нұсқаушы Тоғыбаев жолдастың өзінің жұмысы туралы есебін тыңдады. Ол өзі істейтін колхоздарда партиялық-саяси жұмыстың жайын жақсарту жөнінде бастауыш партия ұйымдарына қажетті көмек көрсетіп келеді. Партия ұйымдары коммунистердің өндірістің шешуші участоктерінде жұмыс істеуіне жетісті. Тоғыбаев жолдас бұқаралық-саяси жұмысқа тікелей қатысып, колхозшы шаруалар және МТС қызметкерлері үшін әңгімелер өткізеді, лекция оқиды.

Алайда, деп атап көрсетті бюро мәжілісі, нұсқаушы Тоғыбаев жолдастың жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Ол өзінің күнделікті жұмысында бастауыш партия ұйымдарына ауыл шаруашылығының озат тәжрибелерін насихаттау, бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұнын жақсарту, колхозшылардың жеке тобымен жұмыс істеу жөнінде жеткіліксіз көмек көрсетіп келеді. Осы себепті Карл Маркс атындағы, Калинин атындағы, Стаханов атындағы колхоздардың партия ұйымдарында социалистік жарыстың барысына кезінде қорытынды жасалмайды. Бірқатар үгітшілердің әңгімелері колхоздардың алдында тұрған шаруашылық міндеттермен ұштастырылмай, жалаң жүргізіледі. Бюро мәжілісі нұсқаушының назарын осы кемшіліктерге аударып, селода партиялық-саяси жұмысты жақсарта беру жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

## Топ қызметкерлерінің инициативасы бойынша

Ленин ауданы Куйбышев атындағы МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобының инициативасы бойынша ноябрь, декабрь айларында колхозшы шаруалар мен МТС қызметкерлері үшін көптеген лекциялар ұйымдастырылды. Лекция оқуға орта және жетіжылдық мектептердің мұғалімдері және ауыл шаруашылығының мамандары қатыстырылды.

«Советский», «Тропинка Ильича», «Красный сибиряк» колхоздарының бастауыш партия ұйымдары лекторлардың жұмысына үлкен көмек көрсетті. Колхозшы шаруалар мен МТС қызметкерлері ұйымдастырылған лекцияларды зор ынтамен тыңдады.

Жақында «Советский» колхозының клубына 100-ден астам колхозшылар жиналды. Онда орта мектептің оқытушысы Садоркина жолдас «Дүние жүзінің халықтары бейбітшілік жолындағы күресте» деген тақырыпта лекция оқыды. Лекциядан кейін колхозшылар халықаралық жағдай жөнінде бірнеше сұрақтар қойды. Садоркина жолдас қойылған сұрақтардың бәріне мазмұнды жауап берді. Мектеп директоры Магазов жолдас Қытай Халық Республикасы еңбекшілерінің социализм орнату жолындағы табыстары

# КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

## Жастардың саяси біліміне көңіл бөлінбеген

ҚЛКЖО Приешім аудандық комитетіндегілер комсомол оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына жайбарақат кірісті. Олар бас қаны айтпағанда октябрь айының басында алғашқы сабақтар қайда өткенін, қайда өтпегенін де білмеді. Біраз уақыттан кейін үйірмелердің басым көпшілігінде сабақтар өтпейтіні мәлім болды. Осылай болғандықтан аудандық комитет істің жайын жақсарту жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыруға тиіс еді. Бірақ амал не, бұл болмады. Аудандық комсомол комитетінің қызметкерлері жастардың саяси оқуын ұйымдастыру ісін бетімен жіберіп, бұл жөнінде өздерінің дәрменсіздіктерін білдіріп отыр.

Рас аудандық комсомол комитетінде комсомолецтердің саяси оқуын ұйымдастыру жөнінде қабылданған құлаш-құлаш қаулылар, мәліметтер өте көп. Бірақ мұның бәрі бос сөз, іске тігілген қағаз ғана. Колхоздарда бола қалсаңыз, комсомол оқуының көп жерлерде ұйымдастырылмай отырғанын айқын көріп, іштей қынжыласың. Мысалға Куйбышев атындағы колхоз комсомол ұйымын алайық. Мұндағы 50-ден астам комсомолецтердің бірде-бірі ешқайда оқымайды. Сентябрь айында комсомол ұйымы село жастары үшін саяси мектеп ұйымдастыру, оған оқытушы Данилова жолдасты насихатшы етіп белгілеу жөнінде қаулы алыңды. Бірақ ол қаулы ұйымдастыру жұмысымен бекітілмей, қағаз жүзінде қалып қойыпты. Оқытушы Данилова жолдас өзінің насихатшы екенін де білмейді. Жуырда бұл колхозда аудандық комсомол комитетінің секретары Шиганов жолдас бірнеше күн болды. Бірақ оның келіп кетуінен ешқандай өзгеріс болмады. Саяси мектеп күні бүгінге дейін жұмыс істемейді.

Мұндай фактілер некенсаяқ емес. Каганович атындағы комсомол ұйымы аудандағы ең ірі ұйымдардың бірінен саналады. Ұйымның есебінде 60-тан астам комсомолецтер бар. Мұнда да жыл басынан бері небары бір-ақ рет сабақ өтті. Мұның себебі неде? Аудандық комсомол комитеті комсомолецтердің білімдерімен және тілектерімен санаспай, еріктілік принципін өрескел бұрмалады. Сөйтіп 60 комсомолецтің бәрін де бір үйірмеде оқуға сырттан жазды. Міне сондықтан да комсомолецтердің үйірме сабағына қатыспауына тіпті де таңдануға болмайды.

Аудандық комсомол комитеті түрлі бөгде себептерді бетке ұстап бірқатар жерлерде, атап айтқанда Ворошилов атындағы, «1 май», Киров атындағы, «Қызыл жұлдыз» колхоздары комсомол ұйымдарында комсомолецтердің саяси оқуын ұйымдастыруды қажет деп таппады. Бұл кешірілмейтін кінә.

Өйткені аталған колхоздардың комсомолецтерінің өздерінің идеялық-саяси білім дәрежелерін арттыруға деген ынталары зор. Мұны Киров атындағы комсомол ұйымының өмірінен айқын көруге болады. Осы жылы октябрьдің 27-сінде болған комсомол жиналысында комсомолецтер өздерінің саяси білімдерін арттырудың қажеттігін айтып, аудандық комсомол комитетінен СОКП тарихын үйренетін үйірме ұйымдастыруды, насихатшы белгілеуді сұрады. Солай бола тұрса да аудандық комсомол комитетіндегілер колхоз комсомолецтерінің тілегіне құлақ аспай, бастауыш комсомол ұйымының қаулысын ұмыт қалдырды. Ал колхоз комсомолецтері бұған қатты қынжылады.

Көп жерлерде сабақтың өтпеуіне аудандық комсомол комитетінің МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушылары зор кінәлі. Нұсқаушылар Звягина, Сағындықов жолдастар МТС-тер мен колхоздарда болғанда комсомол оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептердің жұмысымен шұғылданбайды.

Аудандық комсомол комитеті қызметкерлерінің жастарды саяси тәрбиелеу мәселесіне немкетті қараулары салдарынан 20 комсомол ұйымында комсомолдың саяси оқуы ұйымдастырылмай отыр. ҚЛКЖО аудандық комитетінің секретарьлары Ткаченко, Шиганов жолдастар комсомол оқуын ұйымдастыру жөніндегі елеулі кемшіліктерді бүркемелеп, облыстық комсомол комитетіне жалған мәліметтер беруде. Приешім ауданында комсомолецтер мен жастардың саяси оқуын ұйымдастыруда орын алған мұндай өрескел кемшіліктерге бұдан әрі төзуге болмайды.

**И. МИХАЙЛОВ.**

## Комсомолецтер мал шаруашылығына белсене қатысып жүр

Колхоз комсомолецтері артель өндірісінің барлық саласын шұғыл өркендету жолындағы күресте қажырлы еңбек етіп келеді. ҚЛКЖО мүшелері Шаяхметов, Әубәкіров, Жәмәлиев жолдастар тракторшы болып істеп, трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 110-115 процент етіп орындады. Бұл жолдастар келесі жылдың

де басқаларға үлгі көрсетіп жүр. Мәселен, комсомолец Молдағожин бойдақ малта шөппен бірге сабанды уақтап беру арқылы малдың қоңының төмендемеуіне және мал азығының үнемделіп жұмсалуына жетісіп келеді.

Сонымен қатар комсомол ұйымы мал өсірушілер арасында бұқаралық-саяси жұ-

## Село рационализаторлары

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Облыстың машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларында техниканы келесі жылғы егіс жұмыстарына әзірлеу өрістеді. Бұл іске село рационализаторлары елеулі үлес қосуда.

Сұлукөл МТС-нің механигі Карнаух жолдас бағалы ұсыныс енгізді. Ол «ДТ-54» тракторларын жөндеу кезінде жетек жұлдызшалардың мұқалған тістерін серпімелі болаттан жасалған электродтармен сваркалап жамауды ұсынды. Карнаухтың ұсынысы станцияның 50 мың сомдай қаржы үнемдеуіне мүмкіндік береді.

Бөрлі МТС-нің коллективі машина паркін жөндеудің төртінші тоқсанының жоспарын ойдағыдай аяқтағалы отыр. Бұған токарь Гермагенов жолдас елеулі үлес қосты. Бір кезде қоймада желдеткіштің запас приводтық шкивтері болмағандықтан МТС-те «ДТ-54» тракторларын жөндеу жұмысында қиыншылықтар кездескен еді. Гермагенов шкивтерді қолдан жасауға кірісті. Ол мастерскойда болат өзекті алюминнен шкив құйып шығаруды жолға қойды. Бұл шкивтер әрі жеңіл, әрі жұмысқа пайдалануға сенімді болып шықты.

Подстепной МТС-нің комбайншысы Ротань жолдас та көптеген бағалы жаңалық енгізді. Бұл жаңалықтардың бірі—картоп отырғызатын екі қатарлы машина.

## Тұқым тазарту механикаландырылды

ГЕОРГИЕВКА (Жамбыл облысы). (ҚазТАГ). Қордай ауданының «Искра Ленина» колхозында тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен келесі жылы масақты дақылдардың егіс көлемі 3.400 гектарға дейін ұлғаяды. Қазір орталық усадьбадағы тұқым материалдары сақталған қоймалардың жанында жұмыс істеген электр моторлар мен сорттағыш машиналардың гуілі таңертеңнен кешке дейін тынбайды. Кеше 460 центнерден аса бидай мен арпа тазартылды. Ал тапсырма бойынша 200 центнер бидай мен арпа тазартылуға тиіс болатын.

Қарақоныз және Успенск МТС-тері аудандағы барлық ауылшаруашылық артельдерінде тұқым тазарту жұмысын механикаландырды. Мұның өзі 800-дей адамды өндірістің басқа участоктеріне ауыстыруға мүмкіндік берді. Озат колхоздар—«Трудовик», «Путь Ленина», Роза Люксембург атындағы, «Талапты» артельдерінде машиналар тары, күнбағыс, беде, суданка тұқымын сорттауға да пайдаланылады.

Егіншілер тұқым тазарту жұмыстарын жаңа жылға дейін аяқтау үшін жарысуда.

## Малшыларға екі миллион сом сыйлық берілді

ШЫМКЕНТ, (ҚазТАГ). Задарья қаракөл қой совхозында мал өсірудің сондай-ақ қаракөл өндірісі мен қырқылған жүн тапсырудың жоспарларын асыра орындаған малшыларға сыйлықтар беріле бастады. Шопан Түгелбай Ворлалиев 13 мың сом

# ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

Баспасөзде бұдан бұрын хабар етілгеніндей, осы жылғы 7 ноябрьде Совет Үкіметі АҚШ үкіметіне нота жолдап, бұл нотада Б—29 типті американ соғыс самолетінің Танфильев аралы (Куриль аралдары) ауданында Совет Одағының мемлекеттік шекарасын бұзғандығы жөнінде наразылық білдірген болатын.

17 ноябрьде АҚШ-тың Москвадағы елшілігі Совет Үкіметінің 7 ноябрьдегі нотасына жауап ретінде АҚШ үкіметінің мынадай нотасын жолдады:

«Құрама Штаттардың үкіметі 7 ноябрьде (жергілікті уақыт бойынша) «Миг» типті екі совет самолетінің Жапониядағы Хоккайдо ауданында Құрама Штаттардың Б—29 типті самолетін атып түсіргені жөнінде өзінің 7 ноябрьде Совет Үкіметіне жолдаған нотасын және Совет Үкіметінің бұл мәселе жөнінде дәл сол күні жазылған нотасын дәлелге келтіреді.

Құрама Штаттардың үкіметі 7 ноябрьдегі Совет нотасында келтірілген жанжал жайындағы лақапты, дәлелсіз болғандықтан, қабылдамайды. Бұл шабуылды совет самолеттері ескерту жасамастан және американ самолетінің ұшқышына ешқандай белгі берместен өздері бастаған. Құрама Штаттардың самолеті бұл уақыттың ішінде совет самолетіне оқ атпаған. Совет самолеттері тарапынан ешбір дәлелсіз және дұшпандық әрекет жасалуы салдарынан Құрама Штаттардың самолеті Хоккайдо аралындағы Ноккегу деревнясы тұсында құлап, құрып кеткен.

Құрама Штаттардың үкіметі американ самолеттерінің бейбіт мақсаттарды көздейтін тапсырмаларды орындаған кезінде оларға қиянсыз жасалған совет шабуылдарының толып жатқан тізбегіндегі ең соңғы бұл жанжалға қарсы тағы да наразылық білдіреді. Осыған байланысты Құрама Штаттардың үкіметі мынаны атап көрсетеді: Құрама Штаттар үкіметінің шамамен сол ауданда және сондай жағдайда Б—29 типті басқа бір американ самолетінің құртылғаны жайында 1954 жылғы 25 сентябрьде жолдаған нотасына Совет Үкметі әлі күнге дейін жауап қайтарған жоқ. Бұл нотада сонымен қатар Хабомаи аралдарының тобы жапонияның ұлттық территориясының біртұтас бөлегі болып табылады деген жапон үкіметінің дәлелін Құрама Штаттардың үкіметі қолдап отырғаны тағы да көрсетілген болатын. Бұдан кейін Совет Үкметінің Хабомаи аралдарындағы жапон территориясын әлі де заңсыз оккупациялап отырғаны жөнінде ғана емес, сонымен бірге бұл ауданда заңды орналасқан Құрама Штаттардың самолеттеріне қиянсыз шабуылдар жасап отырғаны жөнінде жапон үкметінің елеулі абыржушылық білдіруіне Құрама Штаттардың үкметі қосылады.

Құрама Штаттардың үкметі қиянсыз жасалған бұл шабуыл үшін жауапты адамдар жөнінде тиісті тәртіп шараларының қолданылуын және жоғары дәрежелі совет қызмет адамдарының: Совет Одағы халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге ұмтылып отыр деп жақында жасаған мәлім-

лі оның ССРО шекарасына өткенін оған көрсету және Совет Одағының әуедегі кеңістігінен дереу кетуді ұсыну мақсатымен оның қарсы алдынан шыққан. Бірақ американ самолеті совет истребительдері жақындаған кезде оларға оқ атқан. Американ самолетінің бұл қиянсыз әрекетіне байланысты совет самолеттері оған жауап ретінде оқ атуға мәжбүр болған. Тек осыдан кейін шекараны бұзушы американ самолеті ССРО-ның әуедегі кеңістігінен шығып, оңтүстік-батыс жаққа қарай ұшып кеткен.

Жоғарыда келтірілген және тиісті тексеру арқылы дәл анықталған фактілер Құрама Штаттардың самолетін 7 ноябрьде совет самолеті Хоккайдо аралы ауданында жапон территориясы үстінде атып түсіріпті-міс және шабуылды совет самолеттері бастапты-мыс деген АҚШ үкметінің жоғарыда аталған нотасында келтірілген сылтаулардың бекер екендігін көрсетеді.

Б—29 типті американ самолетінің Совет Үкметінің 7 ноябрьдегі нотасында көрсетілген трассамен ұшқанын және американ самолетінің совет самолеттерімен Танфильев аралы (Куриль аралы) үстінде кездескенін АҚШ үкметінің бекер дей алмай отырғаны оның нотасынан айқын көрінеді.

Бірақ АҚШ үкметі американ самолеті совет самолеттеріне оқ атпапты-мыс деп мәлімдеген. Ал оның бер жағында совет истребительдері жақындаған кезде американ самолетінің оқ атқандығы өте дәл, соның ішінде тиісті аппаратура мен де анықталып отыр.

Осыған байланысты мынаны еске салу орынды болады: осы жылғы 4 сентябрьде Островной мүйісі ауданында ССРО-ның мемлекеттік шекарасын бұзған «Нептун» типті американ соғыс самолеті жайындағы АҚШ үкметінің осы жылғы 6 сентябрьдегі нотасында да американ соғыс самолеті совет самолеттеріне тіпті де оқ атпапты-мыс деген сылтау келтірілген болатын. Бірақ, кейінректе АҚШ соғыс-теңіз министрлігі, сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымындағы американ өкілі, 1954 жылғы 10 сентябрьде Хауіпсіздік Советінде сөйлеген сөзінде американ самолетінің совет самолеттерін атқылағаны шын екендігін мойындаған болатын.

Ал американ самолеттерімен жанжалдар болған аудандағы кейбір Оңтүстік Куриль аралдары совет территориясы болып табылмайды-мыс деген АҚШ үкметінің мәлімдемесіне келетін болсақ, бұл мәлімдемеде ешқандай негіз жоқ және ол Америкэн Құрама Штаттарының өздері де қатысушы болып табылатын Ялта конференциясының Куриль аралдары туралы келісімнің ережелеріне көрнеу қайшы келеді. Жұртқа мәлім, Совет Одағы, Жапонияның тізе бүккені туралы одақтастар арасында жасалған келісімдерге сүйене отырып, Ялта конференциясының қарары бойынша Совет Одағына берілген барлық Куриль аралдарының территориясында жапон әскерлерінің тізе бүгуін қабылдап алған болатын. Жоғарыда аталған келі-

Осы сияқты «Бұлақ», «Тропинка Ильича» және басқа колхоздардың орталықтары мен алыстағы егіс бригадаларында, мал фермаларында лекциялар ұйымдастырылды.

### Секретарьдың кінәсінен

Приешім МТС-і партия ұйымының секретары Шатунов жолдас өзінің жұмысына салқын қарап, станцияда партиялық-саяси жұмыстың жайын әлсіретті. Мұнда партия ұйымының жұмыс жоспары жасалмайды, партия жиналысы сирек өтеді. Онда партиялық ішкі жұмыс мәселелері талқыланбайды.

Партия ұйымының қабылдаған қарарларының орындалуына бақылау жасалмайтын болған. Кейбір коммунистер тұрмыста өнеге көрсетпейді. Шатунов жолдас коммунистерден мүшелік жарналарды екі-үш айда бір-ақ жинайтын болған.

Партия ұйымы, оның секретары Шатунов жолдас үгітшілер коллективінің жұмысына басшылық, бақылау жасаудан қол үзген. Осының салдарынан жөндеу мастерскойында үгітшілердің әңгімелері сирек өткізіледі. Жөндеу жұмысының барысы қанағаттанғысыз.

діксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатымен қазір станцияның жөндеу мастерскойында қажырлы еңбек етіп жүр. Шаяхметов жолдастың тракторы қазірдің өзінде жөндеуден шығарылды. Жазғы маусымда басқа комсомолецтер де Молдағожин, Шаяхметова, Жақыпов және басқалары егіс бригадалары мен мал фермаларында үздіксіз еңбек етті.

Қазір мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі—мал қыстату маусымы. Комсомол ұйымы осыны еске алып, өзінің жақында болып өткен жиналысында комсомолецтердің мал қыстату маусымына қатысуы жөнінде мәселе талқылады. Онда комсомолецтердің басым көпшілігін мал фермаларына тұрақты жұмысқа жіберу, мал өсірушілер арасындағы бұқаралық саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын жақсарту жөнінде шаралар белгіледі.

Комсомол жиналысының қаулысы жүзеге асырылуда. Комсомолецтер Молдағожин, Шаяхметова, Шайхутдинова жолдастар алыстағы фермаларда сиыр малдарын күтеді. Комсомолец Ж. Жақыпов жолдас қой фермасында жұмыс істейді. Мал шаруашылығында жұмыс істейтін комсомолецтер мал азығын жұмсау жөнін-

...на үлкен көмек көрсетіп отыр. Комсомолецтер Әбілқайырова, Сарқұлов, Рамазанов, Мұқышов жолдастар мал фермаларында үгітші болып істейді. Үгітші комсомолецтер мал фермаларында жиі болып, бұл күндері европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде Москва Кеңесінде қабылданған Декларация, жоғарғы партия орындарының мал қыстату маусымын ұйымдастыру жөніндегі қаулылары жөнінде әңгімелер өткізіп, дауыстап газет оқиды.

Бұрнағы күні, халық соттарының сайлауы күні комсомолецтер мен ауыл жастарының күшімен сайлаушылар үшін концерт берілді. Біз мал фермаларында қызылмүйістер ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүзеге асырудамыз. Қой фермасындағы қызылмүйісте газет, журналдар, дойбы және музыкалық аспаптар бар.

Біздің комсомолецтер мал қыстату маусымын үлгілі ұйымдастыру жөніндегі күресте алдыңғы сапта болады. Қоғамдық мал шаруашылығын жан-жақты өркендету мақсаты ауыл жастарынан осыны талап етеді.

**Н. АХМЕТАЕВ.**

**Совет ауданы, «Еркіндік» колхозы бастауыш комсомол ұйымының секретары.**

...сыйлық алды. Шопандар Мұса Нұрбатов, Камолаш Жамбасынов, Мухамбет Аулбеков және басқа көптеген малшылардың әрқайсысы 10-12 мың сомнан сыйлық алды. Шаруашылықтың малшыларына қазірдің өзінде 400 мың сомдай сыйлық берілді.

«Шымқорған», Тимирязев атындағы және басқа совхоздардың малшыларына сыйлық беру үшін көптеген қаржы бөлінді. «Казсовхозқаракуль» трестің малшыларына биыл сыйлық ретінде екі миллион сомнан аса ақша беріледі.

## Жаңа совхоздарға арналған техника

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Тың және тыңайған жерлерде құрылып жатқан Түркстан, Предгорный, Қордай совхоздарына және басқа жаңа совхоздарға көп техника бөлінді. Жүктер күннен күнге көп түсіп жатыр. Кеше Сталинградтан 36 «ДТ-54» тракторы, Ростовтан «Сталинец-6» комбайндарының алғашқы бір тобы әкелінді, мастерскойларға арналған әртүрлі жабдықтар әкелінуде. Техника станциясындағы қоймалардан астық совхоздарына жіберіліп жатыр.

жанжалдардың қайталануына жол бермеу үшін мүмкін болатын басқа да барлық шаралардың қолданылуын өтінеді. Советтердің мұндай шаралар қолдануы Советтік Социалистік Республикалық Одағы мен Америка Құрама Штаттары үкметтерінің өзара мүдделеріне сай келген болар еді. Советтік Социалистік Республикалар Одағының үкметі тарапынан тиісті шаралар қолданылмаған күнде, Құрама Штаттардың үкметі осы заңды және бейбіт миссияларды орындап отырған Құрама Штаттардың самолеттерін қорғау мақсатымен қажетті қорғанысты қамтамасыз етуге мәжбүр болады және бұдан туатын қандай да болса зардаптар үшін бүкіл жауапкершілік Советтік Социалистік Республикалар Одағының үкметіне жүктеледі.

Мұнымен қатар Құрама Штаттар үкметінің 7 ноябрьдегі Совет әрекеті салдарынан болған адам өлімі мен материалдық шығын жөніндегі өз праволарын тағы да қуаттап, өзінде сақтайтыны да Совет Үкметінің есіне салынады».

11 декабрьде АҚШ үкметінің 17 ноябрьдегі нотасына байланысты ССРО Сыртқы Істер Министрлігі АҚШ-тың Москвадағы Елшілігіне Совет Үкметінің нотасын жолдады.

Төменде Совет Үкметі нотасының тексті келтіріліп отыр:

«Америка Құрама Штаттары үкметінің осы жылғы 17 ноябрьдегі № 390 нотасына байланысты Совет Үкметі мынаны мәлімдеуді қажет деп санайды:

Совет Үкметінің 7 ноябрьдегі нотасында анықталған мәліметтер келтірілген болатын, бұл мәліметтер бойынша осы жылғы 7 ноябрьде жергілікті уақытпен 13 сағат 20 минутта (Владивосток уақытымен 12 сағат 41 минутта) Б—29 типті 4 моторлы американ соғыс самолеті Танфильев аралы (Куриль аралдары) ауданында ССРО-ның мемлекеттік шекарасын бұзып, осы аралға қарай Совет Одағының әуедегі кеңістігіне онан әрі өткені мәлім. Шекараны бұзушы самолет жоғарыда көрсетілген аралдың үстімен ұшқан кезде, екі совет истребите-

командашысы Макартур штабының 1946 жылғы 29 январьдағы директивасында да бұл аралдар Жапонияның қарамағынан кеткен басқа территориялармен қатар Жапонияның суверенитетінен шығарылады деп тура көрсетілген болатын.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Совет Үкметі АҚШ үкметінің наразылық жасауына ешбір негіз жоқ деп мәлімдейді.

Американ соғыс самолеттерінің ССРО мемлекеттік шекарасын бұзған оқиғаларының, соның ішінде 7 ноябрьде болған оқиғаның, мұның өзі АҚШ үкметінің тиісті ноталарында көрсетілгеніндей, ешнәрсемен ақталмайтын адам өлімі мен шығындар тудыратындығы жөнінде қынжылатынын Совет Үкметі 7 ноябрьдегі нотасының өзінде-ақ білдірген. Бұл туралы мәлімдей отырып, Совет Үкметі алдағы уақытта АҚШ тарапынан мұндай оқиғалардың қайталануына мүмкіндік бермейтін шаралар қолданылады деген пікірге сүйенген еді.

Американ самолеттерінің бұдан былай совет мемлекеттік шекарасын бұзуына жол бермеуге шаралар қолдану, мұндай жанжалдарды және онымен байланысты, адам өлімін болдырмауға мүмкіндік берген болар еді. Бірақ АҚШ үкметі алдағы уақытта Құрама Штаттар самолеттерінің «қажетті қорғанысын қамтамасыз ететін» болады деген оның мәлімдемесі бұған көмектесе алмайтынын атап айтпауға болмайды. Мұндай әрекеттердің халықаралық шиеленісті бәсеңдету мүдделеріне қайшы келетіндігін айтпағанның өзінде, американ соғыс командованиесінің мұндай әрекеттері осындай жанжалдардың қайталану хаупін тек арттыра түскен болар еді.

Совет Үкметі өзінің осы жылғы 7 ноябрьдегі нотасын қуаттайды және Америка Құрама Штаттарының үкметі американ самолеттерінің Совет Одағының мемлекеттік шекарасын бұзуына бұдан былай жол бермеу үшін қажетті шаралар қолдану жөнінде АҚШ соғыс-әуе күштерінің командованиесіне тиісті нұсқаулар береді деп күтеді».

# ЕЛЕУЛІ КЕМШІЛІКТЕР ОРЫН АЛҒАН ЖЕРДЕ

Петропавл құрылыс мекемелері мен қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесі, қалалық тұрғын үйлер басқармасы еңбекшілердің өскелең тілектеріне сай жұмыс істей алмай отыр. Қазір қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесінің қарамағында тұрғын үйлер саны өте аз. Ал бар үйлердің көпшілігі ескірген, күрделі және жеңіл жөндеуден өткізуді керек етеді. Оның себебі қалада тұрғын үйлер салу, тозған үйлерді жаңарту және жөндеу жұмыстарын жүргізетін жөндеу-құрылыс конторы жұмысты төзгісіз нашар істеп келеді. Бұл контор міндеттелген тапсырманы жылма- жыл орындамауда. Соның салдарынан, коммуналдық шаруашылықтың қарамағындағы 740 тұрғын үйден 410 үй ескірсе, осыдан тек 40-ы ғана жөнделіп, жақсы жабдықталған.

Үстіміздегі жылдың өткен он айында жөндеу-құрылыс конторы 17 үйді жаңартып жөндеуге тиісті еді. Бұл мерзім ішінде контор небары 15 үй жөндеді. Оның өзінде де жоспарланған жөндеу жұмыстары толық орындалмады. Сөйтіп жөндеу-құрылыс конторының он айлық өндірістік тапсырмасы 45,9 процент ғана болып орындалды. Бұл кемшіліктерді, ең алдымен, қалалық тұрғын үйлер басқармасы уақытында көре біліп, жөндеу-құрылыс конторы істеген жұмысының сапасына жете назар аударып отыруға тиісті еді. Бірақ қалалық тұрғын үйлер басқармасы мұндай жауаптылықты сезінбеді.

Коммуналдық шаруашылықтың қарамағындағы үйлерді күрделі және жеңіл жөндеулерден өткізуге үстіміздегі жылы 1 миллион 154 мың сом қаржы бөлінген болатын. Осыдан 17 үйді жөндеп жабдықтауға жарты миллион сом қаржы жұмсау жоспарланды. Бірақ сол қаржының тек 366 мың 800 сомы ғана жұмсалды. Мұның өзі контор басшыларының тұрғын үйлерді жөндегенде тек жеңіл-желпі жұмыстармен ғана айналысып, күрделі жөндеу, тозған үйлерді жаңарту жұмыстарымен шұғылданбағандығын көрсетеді. Баязбай көшесіндегі № 114 үй мен Красноармеец көшесіндегі № 16-үйдің жөнделу сапасы өте нашар болып шыққанын тек осындай себептерден деп түсіну керек. Бұл үйлердің есіктері дұрыс орнатылмаған, аппалы әйнектерде тұтқа жоқ, пештері дұрыс салынбаған. Еден, есік, терезелері сырланбаған. Сол сияқты, үй төбелері де тыңғылықтап жабылмаған. Осындай кемшіліктері бола тұрса да, жөндеу-құрылыс конторы (бастығы Буряков жолдас) жөндеу жұмысын жүргіздік, деп коммуналдық шаруашылыққа мәлімдеген. Ал коммуналдық шаруашылық ол үйлердің жөндеу сапасын тексерместен қабылдай салған.

Тұрғын үй құрылысы жөніндегі жоспардың орындалмауын қалалық коммуналдық шаруашылық пен жөндеу -құрылыс конторы: құрылыс материалдары жетпейді, Қазақ ССР-нің коммуналдық шаруашылығы Петропавл қаласына 300 мың текшеметр құрылыс ағашын босатудың орнына, небары 147 мың текшеметр құрылыс ағаштарын босатты. Міне, сондықтан да біз берілген жоспарды жылма- жыл орындай алмай келеміз деген бөгде сылтауды бетке ұстап, бар кемшіліктерді басқаға аудармақ болады. Ал іс жүзінде кінәнің бәрі осы мекемелер басшыларының дәрменсіздіктерінен туып отырғаны кімге де болса белгілі нәрсе.

Жөндеу- құрылыс конторында еңбек ұйымдастыру мүлде қанағаттанғысыз жүргізіледі. Жұмысқа баға белгіленген норма бойынша емес, әркімнің еркінше қойылып келген. Жұмыс орындарына құрылыс материалдары мезгілінде жеткізілмейді. Мұнда құрылыс участоктеріне қажетті материалдар жоқтың қасы. Өйткені, материалдарды ерте бастан дайындап қоюмен ешкім шұғылданбаған.

Ол ол ма, мұнда жұмысшылардың жұмыс күнін қалай пайдаланатынына да тиісті бақылау жасалмайды. Соның салдарынан үстіміздегі жылдың өзінде осы контордың қарамағында істейтін жұмысшылардың 40 проценті еңбек тәртібін бұзған болса, осының 30 проценттен астамы жұмысқа кешігіп келушілер және өз беттерімен жұмыстан кетіп қоюшылар болып отыр. Онымен бірге, жұмысшылардың ішінде жұмысқа мас болып келушілер де аз кездеспейді. Мұның өзі жұмысқа едәуір дәрежеде кеселін тигізіп жүр. Солай болса да оған қарсы күрескен ешкім болмай отыр.

Жөндеу- құрылыс конторы техника күшімен нашар жабдықталған. Оның үстіне мұнда қолда бар бетон араластырғыш пен жүк көтергіш те құрылыс жұмыстарына пайдаланылмай босқа қарап тұрады. Мұның өзі құрылыстың тез жүргізілуіне кері әсерін тигізетіні белгілі. Контор қарамағындағы ағаш жону мастерскойында түрлі 9 механизм орнатылған. Егер бұлар жұмысқа тиімді пайдаланылса, құрылысқа керекті құралдардың барлығы да механизм күшімен жасалған болар еді. Амал не, іс жүзінде олай болмай отыр. Цехтағы кейбір жұмысшылардың өз міндеттеріне салақ, жауапсыз қарауының салдарынан механизмдердің көпшілігі толық іске қосылмастан-ақ пайдалануға жарамсыз болып қалған. Міне, жоғарыда айтылған кемшіліктердің жіберілуі аты аталған мекемелер басшылары мен ондағы партия, кәсіподақ ұйымдарының кінәсінан. Оған 1954 жыл бойына жөндеу- құрылыс конторының немесе қалалық тұрғын үйлер басқармасының партия жиналысында бұл сияқты өрескел кемшіліктердің бетін ашуға, жұмысты жақсартуға бағытталған бірде- бір рет мәселе қаралмағандығы дәлел бола алады. Партиялық насихат жұмысы мұнда өз дәрежесінде жүргізілмейді. Үгітшілер жұмыс істемейді. Социалистік жарыс кең өрістетілмеген. Озаттар тәжрибесі көпшілік игілігіне айналдырылмайды.

Жөндеу -құрылыс конторының бастығы Буряков жолдас және қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесінің меңгерушісі Малышев жолдастар жоғарыда көрсетілген орасан зор олқылықтарды тез жою үшін өз жұмыстарын шұғыл жақсартулары керек. Ол үшін, қолда бар күш- мүмкіншілікті толық пайдаланып, құрылыс орындарын қажетті материалдармен қамтамасыз етулері кажет. Сол сияқты, жұмысшылардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру, олардың арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету басты міндеттердің бірі болуға тиіс.

Қала еңбекшілерінің өскелең тілектерін барынша қанағаттандыру үшін қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесі және жөндеу- құрылыс конторы қолда бар техниканы өндіріске тиімді пайдаланып, пайдаланылмай келген ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерін толық есептеп іске қосып, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетулері керек.

**А. ГОЛОЗУБОВ.**

**ҚКП қалалық комитетінің нұсқаушысы.**

## 154 ЖАҢА АСТЫҚ ҚОЙМАСЫ

Республикамызда тың және тыңайған жерлердің игерілуіне байланысты астық сақтауға арналған мемлекеттік қоймалар салу өрістеді. Заготзерноның Қазақ республикалық конторасы типтік күрделі астық қоймаларын салудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Жаңа жерлер игерілетін аудандарда жалпы сыйымдылығы 492,8 мың тонна 154 қойма салынды. Әрқайсысының сыйымдылығы 3.200 тонна екі қойма тапсырмадан тыс салынды, оның біреуі Қарағанды облысының Теміртау қаласында, екіншісі Батыс Қазақстан облысының Семиглавый Мар станциясында. Құрылысқа жергілікті материалдар —тас, шлак, бетон, кірпіш және басқалары кеңінен қолданылды.

Қазір республикада 1955 жылдың есебіне тағы да 396 типтік астық қоймаларының іргетастары қаланып, салынып жатыр. Құрылыс бүкіл қыс бойына жүргізіледі. Келесі жылы 1.875 жаңа астық қоймаларын іске қосу белгіленіп отыр.

Атбасарда, Ақмолада, Шортандыда, Макинскіде, Жамбылда, Аягөзде және басқа пункттерде жаңадан 18 элеватор салынып жатыр. (ҚазТАГ).

## Тың жерлерде спектакльдер көрсетілмек

ЛЕНИНГРАД, 7 декабрь. (СОТА). А.С. Пушкин атындағы Академиялық драма театры артистерінің бригадасы кеше Солтүстік Қазақстанға жүріп кетті. Ол Семей облысында және Өскеменде тың және тыңайған жерлерді игеруші еңбекшілерге спектакльдер қойып береді.

Артистер екі айдан астам уақыт ішінде қалаларда, селоларда, колхоздарда, совхоздарда және МТС-терде 50 шақты спектакль көрсетеді.

Театр артистері тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарға осымен екінші рет барады. Ленинград артистері жергілікті көркемөнерпаздар коллективтеріне көмек көрсетеді.

# Малды қорада бағып-күтуді үлгілі өткізейік

☆ ☆ ☆

## МТС мал шаруашылығына көмектеспей отыр

Ново-Георгиев МТС-і қамтуындағы колхоздар (Полудень ауданы) мал қыстатуды әзірліксіз бастады. МТС аймағындағы колхоздар бойынша дайындалған ірі сабақты мал азықтары 1955 жылдың февраліне дейін ғана жетеді. Ал құнарлы мал азығының жоспары 31 процент және концентратты жем азықтар 20 процент қана орындалған. Міне, МТС қамтуындағы колхоздарда дайындалған жемшөптің мұндай тапшы болуы мал қыстатуға ерекше назар аударуды керек етеді. Осыған байланысты дайындалған пішенді түгелдей мал қоралары жанына тасып жеткізу, егістіктегі сабандарды толық жыйнап алуды тыңғылықты ұйымдастыру қажет. Сонымен бірге қолда бар жемшөптің орынсыз ысырап болуына жол бермеу керек. Бұлай етпеген күнде, қыс жемшөп жетпеуінен мал басы шығын болу хаупі бар.

Колхоздарда мал қыстату жағдайы өте ауыр бола тұрса да, бұған Ново-Георгиев МТС-нің директоры Шевченко, бас зоотехнигі Дубовцев және аға мал дәрігері Крайкова жолдастар қынжылар емес. Тіпті олар колхоздардың мал шаруашылығына басшылық етуді өздерінің міндеті емес деп есептейді. Соның салдарынан машина-трактор станциясы колхоздарға дайындалған жемшөпті мал қоралары жанына тасып жеткізуге нашар көмектеседі, фермаларда ауыр жұмыстарды механикаландыру, ірі сабақты азықтарды малға алдын-ала әзірлеп беру істерін қамтамасыз етпей отыр. Колхоздарда жемшөптің қалай жұмсалғанына бақылау жасамайды. МТС тарапынан нақты басшылық және практикалық көмектің болмауы колхоздарда мал қыстатуға әзірліктің қанағаттанғысыз болуына негізгі себеп болды. Мал қораға тұрған алғашқы кезің өзінен-ақ күтімнің нашар болуы себепті мал басының шығын болу фактілері орын ала бастады.

Мысалға Молотов атындағы колхоздың мал қыстату жайын алайық. Бұл колхоз бен МТС бір селоға орналасқан. Осының өзі-ақ МТС-тің колхоз шаруашылығына күнбе-күн, жан-жақты көмек жасауына толық мүмкіншілік береді. Бірақ іс жүзінде жағдай мүлдем басқаша. Мал қоралары жанына пішен тасу, не фермалардағы ауыр жұмыстарды механикаландыру, не мал азықтарын жұмсартып, буландырып беру ісінде МТС тарапынан колхозға бірде-бір көмек жасалған жоқ. Ал колхоздың қазіргі жағдайы мүлдем төзгісіз болып отыр.

Мұнда 183 шошқаға арналған қораның құрылысы әлі күнге аяқталмаған. Соның салдарынан қыстың алғашқы күндерінен бастап шошқалар еден төселмеген лас үйге орналастырылды. Қазір шошқаның тұратын орны саз болып, езіліп істен шыққан. Оның үстіне шошқаларға жем батпақтың үстіне төгіледі. Сөйтіп, лас, суық қораға қамалған, әрі ашықтырылып, жарамсыз азық беруден шошқалар әлден-ақ індетке ұшырай бастады.

Колхозда ірі қарамалды қыстатудың жайы да мақтарлық емес. Сыйырларға арналған қораларға еден төсеуге колхозда толық мүмкіншілік болды. Бірақ ол істелмеді. Тіпті мал төлдейтін үйлер де әлі ретке келтірілмеген. Фермада жұмыс күнінің тәртібі берік сақталмайды, малдар мезгілінде азықтандырылып, суарылмайды. Фермалар жанында екі күнге толық жететін шөп болмағанына қарамастан мал қоралары жанына пішен тасу ісі қолға да алынбаған. Бұл жөнінде колхозға МТС те ешқандай көмек көрсетпей келеді.

Фермаларда малға азықтың ұнтақталып және нәрлендіріліп берілуіне МТС үзгіксіз назар аударуға тиіс. Өйткені бұл мал шаруашылығы өнімділігін арттырып, мал азығының тиімді жұмсалуын қамтамасыз ететін болады. Амал қанша, Молотов атындағы колхозда осы айтылған жағдайдың өзі ескерілмейді. Малға сабан туралмай, буландырылмай сапасыз күйінде беріледі. Концентрат азықтар үгілмеген. Фермаларда малға жемшөп өлшенбей беріледі. Бұл жөнінде колхоз председателі Шацкий жолдас: «Шөпті көз мөлшерімен босатамыз, ал сабанды малға жегенінше беріп жүрміз»,— дейді. Малдың қолға қарағанына толық бір ай өтпей-ақ бірсыпыра сауын сыйырлардың қоңы төмендеп, тіпті кейбіреулерінің көтерем болуы азықтың осындай тәртіпсіз берілуінің салдарынан болып отыр.

Мал қыстатудың қазіргі жайы МТС қамтуындағы басқа колхоздарда да дәл осындай. Колхоздарда 12 азық буландырғыш, 8 сабантурағыш бола тұрса да олардың қазір бірде-бірі жұмыс істемейді. Сонымен бірге машина-трактор станциясы колхоздарға жұмысшы күшімен көмек бермей отыр. МТС қарауындағы 250 механизатор мен жұмысшылардың ішінде іске қатысып жүргені—70 адам. Қалғаны не колхозда, не МТС те жұмыс істемейді.

МТС мамандары колхоздарда мал қыстату ісіне ерекше маңыз беріп, орын алған кемшіліктерді шұғыл жоюды қамтамасыз етулері тиіс. Ең алдымен колхоздарға практикалық көмек көрсетуді іске асыруы қажет. Мұны мал шаруашылығын нәтижелі тез өркендету, оның өнімділігін барынша арттыра беру жөніндегі партиямыз бен үкіметіміз алға қойып отырған шұғыл міндеттер талап етеді. МТС қамтуындағы колхоздардың барлығында дерлік жемшөп жеткіліксіз. Сондықтан осы бастан дайындалған мал азығын мұқият сақтаудың және ұқыпты жұмсаудың нақтылы шараларын белгілеп, оны мүлтіксіз жүзеге асыруды қадағалап отыру қажет. Бұл іске басшылықты МТС-тің бас зоотехнигі мен мал шаруашылығы жөніндегі басқа да мамандары өз қолдарына алуға тиіс. Мал қыстатуға МТС тарапынан басшылықты жақсартпайынша, бұл науқанды ойдағыдай өткізуге нұқсан келетіндігін естен шығаруға болмайды.

**С. УДОВЕНЧУК.**

**Облыстық ауылшаруашылық басқармасының мал азығын дайындау жөніндегі бас агрономы.**

## Алғашқы табыстарым

Үстіміздегі жылдың бас кезінде болған комсомол жыйналысы мені товарлы-сүт фермасына бұзаушы болып баруға ұсынған болатын. Мал шаруашылығында істеу, әрине, үлкен аброй. Бірақ мұндай жауапты участокте болып көрмегендіктен, өз құрбыларымның маған көрсеткен сенімін ақтай алмаймын ба деп жүрексіндім.

—Ештеңе етпейді Люба, әлі тез-ақ үйренесің. Біз көмектесеміз. Елімізде көптеген атақты малшылар бар, олардың бәрі де осы үйрену жолынан өткен, — деп колхоз председателі Владимир Петрович төлдің түрлі ауа райы жағдайына бейімделе өсуіне мүмкіндік жасайды.

Әлсіз бұзаулар жеке клеткаларда, ал басқалары бірге күтіледі. Олардың жатар орындарын әрдайым тазалап, төсеніштерін жиі ауыстырып отырамын.

Мен бұзауларды тәулігіне 3 рет, ал суық күндері 4 рет азықтандырамын. Азықтандыру күн сайын белгілі бір уақыттарда жүргізіледі. Мұнда еңалдымен табиғи шөп, содан соң құнарлы жем беріледі. Өйткені бірінші кезекте құнарлы азық жесе кейбір бұзаулар шөпке қарамай қалады [sic: line ends "қара-"] керек. Буаз сыйырларды қыста жылы қорада күту қажет. Бірақ біздің колхоздың басшылары бұған жете мән бермейді. Өткен қыста буаз сыйырлардың қорасы салқын болды, олардың жатар орны да дұрысталмады. Осының салдарынан бұзау енесінен туғанда өкпе ауруына шалдығып туады. Менің қарауымда енесінен тумай тұрып ауруға шалдыққан 6 бұзау бар. Оларды емдеуге де ешкім көңіл бөлмейді. Мал дәрігері Н. Исаева жолдас ауру бұзауларды емдеу жөнінде бізге мүлдем көмектеспейді. Тіпті ол фермада оқта-текте

# Егіске әзірлікте өткен жылдың кемшіліктері қайталануда

Ленин ауданындағы «Орталық» колхозы өткен жылы көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын нашар жүргізді. Қыста егістік алаңдардың көпшілігінде қар тоқтатылмады, топырақты тыңайтатын жергілікті тыңайтқыштар өте аз жыйналды, сонымен бірге жыйналған тыңайтқыштар дұрыс пайдаланылмады. Егістік жердің көпшілігі көктемде жұмысталды. Сөйтіп егін егу жұмыстары төзгісіз ұзаққа созылды. Міне, мұның бәрі егін шығымдылығына өзінің кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Колхоз, әсресе дәнді дақылдар егісінен өнімді аз алды. Мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындамады. Механизаторлар мен де толық есеп айырыса алмады. Колхозшылардың еңбеккүндеріне астық аз бөлінді.

Колхоз басшылары бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, быйыл көктемгі егіске әзірлікті ойдағыдай жүргізуді ұйымдастырулары керек еді. Бірақ істің жайы бұлай болмай отыр. Рас, колхозда келесі жылдың егістері үшін 5574 гектар жер дайындалды. Пар, зябь жырту жоспарлары толық орындалды. Сондай-ақ дәнді дақылдар тұқымы ауданның басқа колхоздарымен салыстырғанда едәуір көп құйылды. Алайда бұлар көктемгі егіске әзірліктің бір бөлігі ғана.

Қазір егіске әзірлік жұмыстарын қызу жүргізудің қаурт кезеңі туды. Көп колхоздарда дайындалған тұқымды тазарту, себу сапасына жеткізу, қар тоқтатуға әзірлену, жергілікті тыңайтқыштар жыйнау жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Міне осы жұмыстарды ұйымдастыруға «Орталық» колхозының басшылары мән бермей отыр. Мұны дәлелдеу үшін бірнеше фактілер келтірейік.

Колхозда 6.324 центнер жаздық бидай, 836 центнер сұлы тұқымы бар. Бұл тұқымдарды тазартуда «ВИМ» машинасы бір айдан астам уақыт жұмыс істейді. Бірақ амал қанша, машина қуаты іске өнімсіз пайдаланылуы салдарынан жұмыстың барысы төзгісіз баяу. Осыған қарамастан колхоз председателі Әлжанов, бастауыш партия ұйымының секретары Әубәкіров жолдастар тұқым тазарту жұмысындағы кемшіліктерді жоюдың шұғыл шараларын қолданбай отыр. Олар тұқым тазартудағы колхозшылардың еңбегін ұйымдастыру ісіне мүлдем қатыспайды десек, бұл асыра айтқандық болмайды. Міне осы себептен мұнда еңбек тәртібі нашар, тұқым тазартушылар жұмысқа кезінде шықпай қалады. Ал кей күндері жұмыс мүлдем тоқтатылып, тұқым тазартатын машиналар ешбір себепсіз босқа қарап тұрады. Соның өзінде колхозшылардың көпшілігі жұмыссыз қарап жүреді.

Соңғы жылдары бұл колхоз картоп, овощь дақылдарын өсіру ісімен мүлдем шұғылданбай келеді. Өйткені колхоз басшылары жыл сайын бұл дақылдарға қажетті тұқымдық дәнді кезінде әзірлеп алмайды. Бұл кемшілік быйыл да қайталануда. Бұл дақылдарға тұқым әзірлеу ісіне назар аударылмаған.

Мұнда ауылшаруашылық құрал-саймандарды жөндеу жұмысы қолға да алынбаған. Ол-ол ма, арба, атқа жегілетін селялка, тырма, қамыт- саймандар, тағы сол сыяқты ауылшаруашылық құралдары бір орынға жыйналмай, әр жерде жыйналмастан қалған. Тіпті колхозда құрал-саймандарды жөндейтін уста жоқ. Ал Әлжанов жолдас бұл жұмысты ұйымдастыруды мүлдем естен шығарған.

Үстіміздегі қыста 4 мың гектар егін алаңына қар тоқтатылуы тиіс. Бұл жұмысты мерзімінде жүзеге асыру оған осы бастан тыңғылықты әзірлікті талап етеді. Колхозда қар ұстайтын қалқандар қамыс бумалар, қаржырыққыштар жасауға толық мүмкіншілік бар. Бірақ сол мүмкіншіліктерді пайдаланып, қар тоқтатуға әзірлік жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруды колхоз басшыларының бірде-бірі ойластырмай келеді. Әлжанов жолдастың: «егістік жерге қарды МТС күшімен тоқтатамыз, сондықтан бұл іске колхоздың әзірленуі қажет емес», деуі таңқаларлықтай.

Егістік жерлердің топырағын тыңайтатын жергілікті тыңайтқыштар әзірлеудің жайы да дәл осындай. Бұл айтылғандардың бәрі колхоз басшыларының көктемгі егіске әзірлік жұмыстарына мән бермейтінін көрсетеді.

Қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру жөнінде бұл колхозда Образцовая МТС-нің де көмегі нашар. Жақында колхозда МТС-тің бас агрономы Қожасов жолдас болды. Ол: «сұлы тұқымында қарасұлы бар, сондықтан оны тазартпаңдар», дегеннен басқа ешбір көмек көрсеткен жоқ. Тіпті Қожасов жолдас тұқымдық дәнді қарасұлыдан қалай тазарту керек екендігінің жолын да айтпады. Ал егіске әзірлік жұмыстарының басқа салалары жөнінде ол жұмған аузын ашқан да жоқ. Сондай-ақ аудандық партия комитетінің осы МТС аймағындағы секретары Великанов жолдас та колхозда болды. Не пайда, Великанов жолдас колхозға келгенде шаруашылыққа біржақты көмектесуден арыла алмай жүр. Тіпті оның соңғы уақытта колхоздардың көктемгі егіске әзірлігіне мүлдем назар аудармауы қынжыларлық іс.

«Орталық» колхозында көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының жайы осындай нашар. Колхоз председателі Әлжанов, бастауыш партия ұйымының секретары Әубәкіров жолдастар егіске әзірліктегі орын алған кемшіліктерді батыл жоюға, бұл маңызды іске колхозшы бұқараны жаппай жұмылдыруға, сөйтіп егіс жұмыстарын колхоздың барлық жағынан тыңғылықты әзірлікпен қарсы алуын қамтамасыз етуге міндетті. Ал аудандық партия комитетінің Образцовая МТС-і аймағы жөнінде секретары Великанов жәнe осы МТС-тің бас агрономы Қожасов жолдастар колхоздарда болған уақытта көктемгі егіске әзірлік мәселелерін естен

# Еңбек өнімділігі арта түсуде

Преснов МТС-інде машина- трактор паркі жыл санап ұлғая түсуде. Оған үстіміздегі жылдың өзінде ондаған қуатты тракторлар және комбайндар қосылды. Парктің отандық техникамен ұдайы толықтырылуына МТС механизаторлары ісպен жауап беруде. Мұнда үстіміздегі жылы трактор жұмыстарының жылдық жоспары 117 процент болып орындалды. Тың жер өткен жылғымен салыстырғанда төрт есе артық игерілді.

Осындай елеулі табыстарға ие болған МТС механизаторлары оны баянды етудің шешуші кезеңі — трактор жөндеу екенін жақсы түсінген. МТС-тің жөндеу мастерскойын октябрь айының бас кезінде-ақ ретке келтіріп, сумен жылыту іске асырылды. Мастерскойдың жылы болуы жөндеуші механизаторлардың жұмысты өнімді атқаруына жағдай туғызды, еңбек өнімділігі де артты.

МТС-те қазір 25 трактор жөнделді. Сонымен бірге топырақ өңдейтін, тұқым себетін және арнаулы машиналарды жөндеу ісі де тыңғылықты жүргізілуде. Атап айтқанда, МТС-те 65 сеялка, 30 культиватор жөнделіп, іске әзір тұр.

Преснов МТС-і механизаторларының жөндеу жұмысын табысты жүргізуі тек жөндеу мастерскойының жақсы реттеліп, жылы болуынан деп есептеу қате. Мұнымен бірге істің өнімді жүруінде үгіт-бұқаралық жұмысының аса зор роль атқарып келе жатқанын айтпауға болмайды.

Жөндеушілер түгел социалистік жарыспен қамтылған, көрсеткіш тақталарда олардың күнделікті тапсырманы қалай орындалғаны баяндалып отырылады. Сондай-ақ ай сайын МТС-тің әрбір жұмысшылары мен механизаторларының айлық тапсырманы қалай орындағаны жөнінде де қорытындылар шығарылып тұрады. Қабырға газеттері, жауынгерлік листоктар да уақытылы шығарылуда.

МТС коллективі мамлюттіктердің бастамасын қызу қуаттай отырып, жөндеу жұмысын дер кезінде сапалы етіп аяқтауға міндеттенді. Озат жөндеушілер бұл бастамаға ісіпен жауап бере алатындығын қазірден бастап-ақ көрсетуде. Мысалы, уста Кошкин, токарь Шевелев жолдастар күндік тапсырмаларын үнемі 110-200 проценттен орындап жүр.

**Н. МИШИН.**

## Тамань дивизиясы атындағы жаңа совхозда

БУЛАЕВО. **(Өз тілшімізден).** Булаев ауданының оңтүстігіндегі «Ұзынкөл» көліне жақын тағы бір жаңа астық совхозы —Тамань дивизиясы атындағы совхоз орнады. Совхоздың егістікке жарамды 20 мың гектар жері бар. Қазір совхоз басшылары —директор, агроном, механиктер алғашқы ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде. Мұнда күн сайын құрамалы үйлер, вагоншалар, трактор мен ауылшаруашылық машиналары тынымсыз

Карпычев агалық ақылын айтты.

Колхоз басшысының сөздері менің бойымдағы сенім күшін өршіте түскендей болды. Ертеңіне фермаға барып, 30 бұзау қабылдадым. Олардың туғанына екі жеті ғана болған екен. Жас төлдерді күтуде алғашқы кезеңде талай кемшіліктер болды. Бірақ оларды ферма меңгерушісі Шакула жолдастың және тәжрибелі малшылардың көмегімен жойып отырдым. Сөйтіп барлық 30 бұзауды алты айға дейін аман өсірдім, әрқайсысының тәуліктік салмақ қосуы 650—670 грамға дейін жетті.

Осы өткен аз уақыттың ішінде төлдің қоңды болуы, тез өсуі күтімнің және азықтандырудың дұрыс ұйымдастырылуына тығыз байланысты екеніне менің көзім жетті. Мен бағатын төлдер қыста от жағылмайтын салқын, бірақ жақсы жабдықталған қорада тұрады. Сонымен бірге оларды тымық және жылы күндері таза ауаға шығарып отырудың пайдасы бар. Сондықтан мен 3 айлық бұзауларды ашық күндері 3—4 сағаттан ашық қораға жіберемін. Мұның өзі төлдердің жас организмінің шынығуына, тез жетілуіне, сөйтіп мауы мүмкін. Бұзауларға екі ай бойы каймағы алынбаған сүт беріледі. Мұндай сүттің әрбір бұзауға қанша берілетінін зоотехниктік норма бойынша белгілейміз. Ал екі айдан кейін оларға каймағы алынған сүт беріледі. Каймағы алынбаған сүттен қаймағы алынған сүтке көшу бірте бірте жүзеге асырылады. Сонымен бірге бұзауларға шөп және құнарлы азық беріледі. Мысалы әрбір бұзау тәулігіне жылы сумен араластырылып тұз салынған 400—600 грамнан ұнтақталған дәнді дақыл қалдықтарын жейді. Немесе екі-үш килограмм бардa ішеді. Құнарлы азықты қоңы төмендеу, әлсіз төлдерге артығырақ беремін. Бұзауларды белгілі рацион бойынша азықтандырумен бірге, олардың азықты сүйсініп жеуін қадағалаймын.

Бұзаулар тәулігіне үш рет суарылады. Жылы күндері ферма түбіндегі көл жиегіндегі суатқа айдап апарамын да, боранды күндері суды тасып әкеліп беремін. Сүт және су құятын ыдыстарды үнемі таза ұстаймын.

Бұзаудың өмірге бейім, дені сау болуы үшін оларға қамқорлықты ерте жасау рана болып жүр. Сол сияқты жас төлдерге бор тағы басқа минералды заттар мен тұз беру жөнінде де мал мамандары бізге нақтылы көмек бермейді. Фермада минералдық заттардың үнемі болуын қадағалап отырмайды.

Товарлы- сүт фермасындағы бұзау күтушілердің көбі комсомол мүшелері. Олардың барлығы да сеніп тапсырылған істі беріле атқарып, едәуір табыстарға ие болуда. Бұзау күтуге үйренуді менімен бір мезгілде бастаған комсомолкалар Раиса Лупаревич, Нина Твердохлебова, Полина Тивенковалар да өздеріне бекітіліп берілген төлдерді аман өсіруде.

Біз малшылық мамандықты ұнатамыз. Сондықтан алдағы уақытта өз шеберлігімізді үздіксіз жетілдіре отырып, қарауымыздағы төлдерді қыстан аман және қоңды шығарамыз. Сөйтіп, колхоздың мал шаруашылығын өркендетуге келелі үлес қосамыз.

**Л. КАРПУЧЕВА.**

**Соколов ауданы, Сталин атындағы колхоздың бұзау күтушісі.**

лапып отыр. Әлі күнге дейін бірде-бір центнер картоп тұқымы әзірленбеген. Тіпті бұл іспен шұғылданып жүрген колхоз басшылары да жоқ. Осы сияқты овощь дақылдарының тұқымы да жоқ.

Келесі жылы колхозда малазығындық дақылдардың, екпе шөп егістерінің көлемі едәуір ұлғайтылуға тиіс. Атап айту керек, мұнда әлі күнге дейін бұл дақыл-

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарындағы мұндай кемшіліктерге төзімдік жасауға болмайды. Сондықтан Образцовая МТС-і мен «Орталық» колхозының басшылары жоғарыда көрсетілген кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарулары керек.

**Т. КӘДІРОВ.**

**ЯВЛЕНКА. (Арнаулы тілшіміз).**

## 900 центнер тұқым тазартылды

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы (Октябрь ауданы) тұқым тазартуға белсене кірісті. Бұл жұмыс, әсресе колхоздың № 1 бригадасында қызу жүргізілуде.

Бригадада бір дәнтазартқыш «ВИМ» машинасы жұмыс істейді. Жанғозин жолдастың істі жақсы ұйымдастыра білуі нәтижесінде машина қуаты өнімді пайдаланылуда. Кәзір онымен күн сайын 120 центнерден астық тазартылып жүр. Бригададағы тазартуға тиісті 1500 центнер тұқымдық дәннің 900 центнері тазартылып болды. Тазартылған тұқым арнаулы қоймаларда сақталады. Мұнда тұқымның қызып кетпеуі үшін жиі бақылау жасалып, дымқылдығы тексеріледі.

Тұқым сақтау және оны тазарту жұмыстарында колхоз мүшелері Налишева Кондратиева, Есенова жолдастар үздік еңбек көрсетіп жүр.

**К. АСЫЛТАЕВ.**

Жуырда совхозға Тамань дивизиясынан армия қатарынан қайтқан 54 адам келді. Олардың барлығы да механизаторлар.

Аудан орталығындағы мәдениет үйінде армия қатарынан қайтқан тамандықтармен кездесу болып өтті. Онда жаңа совхоздың аға агрономы Осинина жолдас совхоз коллективінің алдында тұрған міндеттер туралы айтты. Кездесуде армия қатарынан қайтқан таманьдықтар —Горинов, Сергеев жолдастар тың жер игеру жөніндегі міндетті абройымен орындау жолында аянбай еңбек ететіндіктерін білдірді.

## АНАЛАРДЫ НАГРАДТАУ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 18 августағы Указына сәйкес ССРО Жоғарғы Советі Президиумының атынан облысымыздың көп балалы аналарын ордендермен және медальдармен наградтады.

Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының мүшесі Зейнеп Боранбаева, Соколов ауданындағы Буденный атындағы колхоздың мүшесі Ольга Дмитриевна Круглова, Пресновауданындағы Приешім поселкелік Советінде тұрушы үй шаруасындағы әйел Анна Соломоновна Рейтер —барлығы 5 ана І-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталды.

ІІ-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталғандардың ішінде 8 бала тапқан және тәрбиелеп өсірген 22 ана, ІІІ-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталғандардың ішінде 7 бала тапқан және тәрбиелеп өсірген 31 ана бар.

71 ана І-дәрежелі «Ана медалі» медалімен, 122 ана ІІ-дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталды.

# БЕС МИЛЛИОН АДАМ БОЛДЫ

### (Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде Россия Федерациясы павильонының жазғы жұмысының қорытындылары жайында)

Москваға көрмеге келген барлық экскурсанттар Россия Федерациясының павильонында болуды өздерінің міндетті борышы деп есептеді.

Бұл табиғи да. Совет Одағы республикаларының ішінде РСФСР бірінші орын алады. Оның кеңістігі 17 миллион шаршы километрге дерлік созылып жатыр. Оның территориясы АҚШ-тың территориясынан екі есе үлкен және Великобритания территориясынан 70 есе асып түседі. Біздің Отанымыздың басқа ұлттарының ішіндегі көрнекті ұлт—ұлы орыс халқы социалистік революцияның жеңімпаз туын бірінші болып көтерді, социализм құрылысында барлық туысқан халықтарға зор көмек көрсетті.

Россия Федерациясының павильонына келушілер одан көп нәрсені көрді.

Кіре беріс залдан олар РСФСР-дың совет елінің өміріндегі аса көрнекті ролімен танысты.

Ұлы Отан соғысының қарсаңында ғана РСФСР Совет Одағының бүкіл өнеркәсіп өнімінің үштен екісінен көбін, оның ішінде металл өңдейтін өнеркәсіп өндірісі өнімінің бестен төртін және химия өнеркәсіп өндірісі өнімінің төрттен үшін берді. Соғыстан кейін Россия Федерациясында өнеркәсіп өнімі бұрынғыдан да көп шығарылды. ССРО экономикасын арттыруда Россия Федерациясының ауыл шаруашылығы көрнекті роль атқарады.

РСФСР—Совет Одағының бай өлкесі. Астық өндірудегі оның арз салмағы елімізде өндіретін жалпы астықтың 65 процентіне дерлік тең.

Астық шаруашылығының озаттарына арналған павильон залында тың және тыңайған жерлерді игеру процесін көрсететін материалдар да аз емес. Республикадағы мұндай жер[illegible]ибирьде, Уралда, Поволжьеде, Солтүстік Кавказда. Оны игеруге 8.711 колхоз, 1.455 МТС және 600-ге жуық совхоз қатысуда.

Бұл жөнінде Челябинск облысындағы «Путь октября» совхозының тәжрибесі сүйсінерліктей. Оның коллективі тың жерден қандай жоғары өнім алуға болатынын іс жүзінде көрсетіп берді. Совхоз 1952-1953 жылдар ішінде 5 мың гектарға жуық тың жер игерді және ол жердің әрбір гектарынан орта есеппен 21,6 центнерден жаздық бидай алды.

Ондаған экспонаттар өздерінің жетістіктерін көрсетті. Олардың ішінде Урал жағдайында жаздық бидай мен сұлыдан жоғары өнім алуға, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде тамаша көрсеткіштерге жеткен Челябинск облысының Чесменск ауданы және жаңа жерлерді игеру үшін көп жұмыстар істеген Сибирьдегі алдыңғы қатарлы машина-трактор станцияларының бірі —Иркут облысының Нельхайск МТС-і, Киров облысы, Вожгальск ауданы, «Красный октябрь» колхозы және басқалары бар. Сол сияқты мұнда өндіріске жаңа, жоғары өнімді сорттарды енгізуге мүмкіндік беретін мемлекеттік үлкен селекция және тұқым шаруашылығы жүйелері туралы айтылады. РСФСР-да бұл жүйеге алты ғылми-зерттеу институттары, 50 селекциялық станция, 650 мемлекеттік сорт- сынау участкасы, 105 элитті тұқым шаруашылығы және 2.155 аудандық тұқым өсіретін шаруашылық кіреді.

Совет селекционерлері павильонға кеңінен қойылған, дәнді дақылдардың дүние жүзіндегі ең жақсы сорттарын жасады.

Сол сияқты, экскурсанттар «Картоп және овощь», «Бақша және жүзім шаруашылықтары», «Техникалық дақылдар», «Мал шаруашылығы» залдарынан Россия Федерациясының социалистік село еңбекшілерінің аса көрнекті табыстарымен танысады.

Картоп пен овощь өндіру жөнінен РСФСР елімізде бірінші орын алады. Республикада 1953 жылы 4,6 миллион гектар жерге картоп және миллион гектардан астам жерге овощь пен бақша дақылдары егілді. Картоп пен овощь өндеуді механикаландыру дәрежесі жылдан-жылға артуда.

Бақша мен жүзім шаруашылығына арналған залдан республиканың бақшалары мен жидек алаңдарында өсірілген, олардың көлемі еліміздегі жалпы аланның 30 процентінен асып түсетін әртүрлі жемістер мен жидектерді көруге болатын еді.

«Техникалық дақылдар» павильонының залында салалы зығырдан, майлы зығырдан, кендірден, күнбағыстан, қант қызылшасынан және басқа дақылдардан жоғары өнім алу жолындағы күрестің озаттарының табыстары қойылды. Осыған көршілес залда колхоз мал өсірушілері өздерінің жетістіктерін кеңінен көрсетті. Мұнда, атап айтқанда, республиканың мүйізді ірі қарамал өсіру жөніндегі екі алдыңғы қатарлы ауданының—Архангельск облысының Холмогор ауданының және Москва облысының Ленин ауданының жетістіктері көрсетілді.

Республикада ауыл шаруашылығының шопқа шаруашылығы сияқты саласын, биязы жүнді қой, жылқы, құс шаруашылықтары және басқа салаларын өркендету мәселелеріне арнаулы стендтер бөлінген.

Россия Федерациясы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің озат тәжрибесін таратуда РСФСР павильоны зор жұмыс істеді. Бұл жөнінде павильон директоры К. Ф. Ковалев мынаны айтты:

—Павильон жұмыс істеген кезде оған келген адамдардың саны шамамен бес миллион болады. Күн сайын павильонға 150-ден 180-ге дейін ұйымдасқан экскурсиялар келіп отырды. Оның залдарында сексенге жуық шетел делегациялары болды.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің жаңашылдары экскурсанттармен ондаған әңгімелер өткізді. Бұл әңгімелердің әрқайсысы зор әсер туғызды, адамдардың ойын толғандырды, дәнді дақылдардан, овощьтан мол өнім өсірудің, сиырдан рекордты сүт немесе құстан жұмыртқа алуда тамаша жетістіктерге жетудің жаңа, әлде қайда жетілдірілген әдістерін іздестіруде оларға көмектесті.

Сентябрь айында колхоз ғалымы Т.С. Мальцев келушілер алдында сөз сөйледі. Экскурсанттардың өтінуі бойынша оның әдісін көрсетуге арнаулы бөлім ұйымдастырылды. Келушілердің Мальцев жолдаспен кездесуі үлкен оқиға болды. Ол колхоз өндірісінің көптеген практиктеріне дәнді дақылдардан жоғары, тұрақты өнім алуды қамтамасыз ететін топырақты өңдеудің жаңа әдісін игеруге көмектеседі.

Калинин облысы, Кашин ауданы «Красный путиловец» колхозының председателі А.Н. Белов өте қызықты әңгіме өткізді. Бұл колхозда зығыр сияқты бағалы дақылдарды өсіруде өте жоғары көрсеткішке қол жеткен. Жыл сайын мұнда 120 гектардан астам салалы зығыр егіледі. 1952-53 жылдары зығыр өсірушілер әрбір гектардан 6,3 центнер талшық және 3,6 центнер тұқымдық дән алды. Колхоздың 1953 жылғы жалпы ақшалай кірісі 2 миллион 671 мың сом болса, оның 1 миллион 801 мың сомы зығыр шаруашылығынан түскен. «Красный путиловецтің» 87 колхозшысы салалы зығырдан мол өнім алғаны үшін Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Экскурсанттардың алдында Ленинград облысы, Петрорайсовет атындағы совхоздың звеношысы Е.Н. Васильева сөз сөйледі. Ол 1953 жылы 14.500 парник рамаларының әрқайсысынан 23 килограмнан овощь және 5.520 шаршы метрлік теплицаның әрбір шаршы метрінен 47 килограмнан овощь алуға мүмкіншілік берген озат агротехникалық әдістер жөнінде айтты.

Павильонда Совет Одағы туысқан республикаларының халықтары өкілдерінің Россия Федерациясының ауыл шаруашылығы өндірісі жаңашылдарымен қызықты кездесуі болды. Бұл кездесуге грузиндер, белорустер, өзбектер, литвалықтар, эстондықтар, армяндар, ССРО-ның және басқа халықтары қатысты. Мұндай кездесулер совет халықтарының арасындағы мызғымас достықтың, ұлт республикалары халықтарының өздерінің үлкен ағасына деген ұлы сүйіспеншіліктері мен сенімдерінің тамаша жарқын демонстрациясы болды.

РСФСР павильоны ашылғаннан бастап оның қызметкерлері мыңдаған адамдармен кеңесті. Олардың барлығы Россия Федерациясы ауыл шаруашылығының аса зор табыстарына терең қанағаттанушылық білдірді. Пікірлер кітабының қалың төрт томы жазулармен толтырылған.

—Бұл—Русь,—деп жазды Горькийден келген экскурсант, —бірақ бұл бұрынғы Русь емес,—бұл жаңа еркін Россияның жаңа ұрпағының ұлы, мақтанышты Отаны.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне Удмуртиядан келген қатысушылар тобы мынадай жазу қалдырған: «Біздің мұнда көргеніміздің барлығы біздердің өзіміздің Отанымызға деген және совет халқына деген мақтаныш сезімімізді туғызады».

Мұндай жүздеген жазулар бар. Олардың барлығы совет адамдарының алға, коммунизмге қарай сеніммен алға басып бара жатқан өзінің қуатты гүлденген Отанына деген патриоттық мақтанышы туралы айтады.

## ИГІЛІКТІ ІС

Киров атындағы жетіжылдық мектептің (Преснов ауданы) оқушылары мен оқытушылар коллективі колхозшыларға көп көмек көрсетуде. Олар мал азығын дайындау және егін жыйнау жұмыстарында едәуір жұмыстар атқарған болатын. Кәзір оқушылар жексенбі күндері мал қоралары жанына шөп тасып жүр. Бұл жұмыста көзге түскен А. Мәкішев, Е. Рамазанов сияқты оқушылар колхозшылардың сый- құрметіне бөленуде.

**Қ. ЖАНДОСОВ.**

## Қасқыр соқты

Соңғы кезде «Қазақстанның XXX-жылдығы» колхозының (Октябрь ауданы) аңшылары 10 қасқыр, 15 түлкі ұстап, мемлекеттік дайындау орындарына тапсырды. Сол сияқты оқушы Аманбай Сыздықов та өз бетімен бір қасқыр соқты. Аңшылар өздерінің бұл табыстары үшін колхоз бен мемлекеттен бағалы сыйлықтар алды.

**Т. ТАСМАҒАНБЕТОВ.**

# Еңбекшілерді киномен қамту ісі жақсартылсын

## (Редакцияға түскен тілші хаттарына шолу)

Еңбекшілердің мәдени өмірінде кино үлкен роль атқарады. Жер жүзі халықтарының сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген біздің кинофильмдеріміз халқымызды ғылым мен техниканың соңғы табыстарымен, Ұлы Отанымыздың жарқын өмірімен таныстырады, жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенттердің өмірге көзқарасын кеңейтіп, олардың саяси білімдерін көтереді. Міне, сондықтан да партия мен үкметіміз кино қызметкерлерінің жұмысына үзбей көңіл аударып, қамқорлық жасап отырады.

Еңбекшілерді киномен үлгілі түрде қамтып отыруға біздің облысымызда барлық мүмкіншіліктер бар. Облысымызда кинотеатрлар, көптеген тұрақты киноустановкалар мен жылжымалы кинолар жұмыс істейді. Олар сан алуан тақырыптарға арналған жаңа фильмдермен қамтамасыз етіліп келеді. Мәселе тек сол фильмдерді еңбекшілерге деркезінде көрсетіп отыруда болып отыр. Бірақ облыстың кейбір аудандарында бұл маңызды мәселелерге жете мән берілмеген. Мұны редакцияға түскен тілші хаттарынан айқын көруге болады.

Ауыл- село тілшілерінің дабылдарына қарағанда еңбекшілерді киномен қамту ісі Преснов аудандарында өте қанағаттанғысыз жүргізілуде. Осы аудандағы ауылдық тілшіміз **М. Өскенбаев** жолдас бізге былай деп жазады: «Баян» колхозының колхозшыларына кино көрсетілмегеніне төрт айдан асты. Бұл жөнінде Преснов аудандық мәдениет бөліміне бірнеше рет хабарланса да жағдай өзгеріссіз қалып отыр». Сол сияқты Киров атындағы колхозда да үстіміздегі жылдың май айынан бері кино келмегендігін осы колхоздағы тілшілеріміз **А. Шабанаев, К.. Есеналин, Е. Рамазанов** жолдастар хабарлайды. Бұл колхоздағы клуб үйі жөнделмеген. Кино келе қалған күннің өзінде оны көрсететін орын жоқ. Ал колхоз басқармасы мен селолық Совет еңбекшілерге кино көрсету ісін жақсарту жөнінде аудандық мәдениет бөлімінің алдына мәселе қойып қажетті жағдай туғызбай отыр.

Жағдай Ленин ауданында да мәз емес. Бірлік жетіжылдық мектебінің оқушылары **Н. Мырзахметова, Қ. Нұрғалиева** және медициналық фельдшер **Қ. Сақыпов** жолдастар «Бірлік» ауылшаруашылық артеліне көптен бері кино келмейтіндігі туралы жазады. Ал «Еңбек» колхозындағы тілшіміз **Қ. Ғалиев** жолдас төрт ай бойы ешқандай кино көрсетілмегендігін хабарлайды. Бұл жағдайлар аудандық мәдениет бөлімінің кино жөніндегі инспекторы Исакин жолдасқа көптен мәлім. Бірақ ол орын алған кемшіліктерді жою үшін ешқандай шара қолданбай отыр.

Аудандық мәдениет бөлімдері ауыл-селоларға жылжымалы кинолар жіберген кезде олардың колхозшыларға жаңа фильмдер мен қызықты кино журналдарын көрсетуін қадағаламайды. Өздерінің редакцияға жазған хаттарында **Б. Тұяқов** (Конюхов ауданы) және **М. Мұқышев** (Совет ауданы) жолдастар, міне, осы мәселелерді өте орынды көтерген. Шындығында, жылжымалы кинолардың механиктері ауыл-село еңбекшілеріне жаңа фильмдерді көрсете отырып, жалынды үгітші де болуға тиіс. Олар әрбір киносеанстың алдында баяндамалар мен лекциялар ұйымдастыруға міндетті.

Аудандарымыздың кино қызметкерлері өздерінің жұмыстарын ауыл шаруашылығы озаттарының іс тәжрибелерін, советтік агробиология ғылымының озат табыстарын кеңінен насихаттауға ойластыра жүргізуге тиіс екендіктерін ұмытпауға қажет. Кинофильмдер арқылы ауыл шаруашылығы озаттарының табыстарын кең көлемде насихаттау ауыл-село еңбекшілерінің алдына қойған ұлы міндет—ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл арттыру жолындағы күресте ойдағыдай табыстарға жетулеріне көмектесетіні сөзсіз.

Еңбекшілерді мәдениетті қамтуда қала кинотеатрында да елеулі кемшіліктер бар. Бұл туралы тілші **Қ. Шайхислямов** жолдас былай деп жазады: «Қаладағы «Ударник» кинотеатрында зрительдерді мәдениетті қамтуға жете көңіл бөлінбеген. Билет сататын кассалар көрсетілген мерзімінде ашылмайды, соның салдарынан касса алдында билет алу үшін кезек күткен еңбекшілер көп уақыттарын босқа өткізеді. Кинотеатрдың фойесында келген адамдардың сеанс басталғанша газет, журналдар оқып, мәдениетті дем алуына жағдай жасалмаған. Мұнда көп реттерде ескі газеттер мен журналдар қойылады. Ал «Октябрь» кинотеатрындағы жағдай бұдан да нашар. Мұнда сеанс басталғанша зрительдердің ешнәрсемен айналысуына мүмкіншілігі жоқ. Сол сияқты сеанстар да сапасыз өткізіледі». Бұл кемшіліктер дереу жоюды қажет етеді. Мұны аталған кинотеатрлар басшыларының ескергені жөн.

Еңбекшілерді киномен қамту —орасан зор маңызы бар іс. Облысымыздың кино қызметкерлері еңбекшілер алдындағы міндеттерін абройымен орындай отырып, бұрынғыдан да қажырлылықпен еңбек ете берулері керек.

# Жұмыс та істейді, білім де алады

Аркадий Гайдаров орта мектептің соңғы кластарында оқып жүргенде өзінің келешекте қандай мамандықты меңгеруі туралы көп ойланды. Институтты бітіріп …

… мөлшерлері дәлденіледі. Операцияның тез және дұрыс орындалуы үшін жұмысшының қолы мен көзі екеуі бірдей іске дағдылы қанық болуы керек.

# Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы Бас Советінің Еуропа еңбекшілеріне ҮНДЕУІ

ВАРШАВА, 11 декабрь. (СОТА). Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы Бас Советінің VII сессиясының кеше кешкі мәжілісінде делегаттар Европаның еңбекші еркектері мен әйелдеріне арналған үндеуді бірауыздан қабылдады. Үндеуде былай делінген: «Европаның еңбекші еркектері мен әйелдері, кәсіподақтардың мүшелері мен активтері.

Соғыс жақтайтын күштер халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі ісіне қатер туғызып отырған осындай өте жауапты кезеңді кәсіподақтарың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының Бас Советі барлық еңбекші адамдарға үндеу жариялауды өзінің қасиетті борышы деп санайды.

Қымбатты жолдастар!

Бүгін европалық хауіпсіздік пен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке елеулі қатер төніп тұр. «Европалық қорғаныс бірлестігі» сәтсіздікке ұшырағаннан кейін АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Батыс Германияның және басқа елдердің үкметтері герман милитаризмін қайта тудыруға және соғыс қылмыстары болып табылатын гитлершіл генералдардан құрылған бас штаб басқаратын атом қаруы бар агрессиялық армияны құруға бағытталған Париж келісімдерін жасасты. Өмір шындығының сұрапыл фактілері осындай.

Қымбатты жолдастар!

Париж келісімдерін жасауға қатысушылар бұл келісімдер келіссөздер жүргізуге көмектеседі болады-мыс және халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін мүмкіндік туғызады-мыс деп отыр. Жұрттың бәріне айқын көрініп отырғанындай, Париж келісімдері, мұның керісінше, жанталаса қаруландыруды күшейте түсуде. Бұл келісімдерді бекіту және жүзеге асыру бұрынсоңды болып көрмеген қиыншылықтар туғызып, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесіне, жалақысына және әлеуметтік жеңістеріне бұрынғыдан да өршелене шабуыл жасалуына әкеліп соғады.

Лондон және Париж келісімдері зеңбірекпен сауда жүргізушілердің келісімдері болып табылады. Жанталаса қарулану тек АҚШ-тың ,Батыс Германияның, Великобританияның және Францияның монополистеріне ғана тиімді. Монополиялар еңбекшілердің қайыршылығын күшейту есебінен ремилитарландыру жолымен бұрынғыдан да мейлінше көп пайда тапқысы келеді. Герман милитаризмін қайта тудырып, олар Батыс Германияда және Европада сіздердің праволарыңызбен сіздердің кәсіподақ ұйымдарыңызды жоятын антидемократиялық диктаторлық тәртіп орнатылуына жол ашуға тырысуда.

Бүкіл Германияның еңбекші еркектері мен әйелдері, кәсіподақтардың активтері!

Біз Германияның шығысында да, сол сияқты батысында да өздерінің кәсіподақтарымен бірге герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы шығып отырған миллиондаған немістерді қызу құттықтаймыз. Біз сіздерді мынаған шақырамыз: өздеріңіз …

… рет күйретті, Париж келісімдерінің бекітілуіне жол бермеңіздер! Сіздердің шығыстағы шекараларыңызда бұл жолы атом зеңбіректерімен қаруланатын герман дивизиялары хаупінің жаңадан пайда болуына жол бермеңіздер!

Великобританияның жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері!

Алдап, арбауға көнбеңіздер, соңғы соғысқа қатысушылардың фашистік топырларға қарсы шайқастарда төгілген қанының зая кетуіне жол бермеңіздер. Герман милитаристерінің ағылшын қалаларына Ковентри ұшыраған апаттың хаупін жаңадан туғызуына жол бермеңіздер! Өз Отанымыздың тәуелсіздігі мен болашағын герман милитаризмінің хаупінен қорғаңыздар. Барлық ұлттардың арасындағы бейбітшілік пен достық ынтымақ жолындағы күресті күшейтіңіздер.

Европаның еңбекші еркектері мен әйелдері! Қаза тапқан адамдарды, бомбалар қиратқан қалаларды, азаптау камераларын, адамды өртейтін пештерді ұмытпайық! Жендеттердің қайтадан қаруландырылуына, олардың қолына атом қаруының берілуіне жол бермеңіздер. Өздеріңіздің өмірлеріңіз мен сіздердің жақындарыңыздың өмірінің, Европаның материалдық және мәдени мұралары тағдырының адамзат алдында есепсіз көп қылмыстар жасаған, герман милитаристерінің қолына түсуіне жол бермеңіздер.

Соғыс өртін тұтандырушылардың жолына біріккен күштер мен мызғымас берік кедергілер қою еңбекшілердің қолынан келеді. Туысқандық ынтымақ байланысын күшейтіңіздер. «Ерікті кәсіподақтардың халықаралық конференциясына» кіретін Батыс Германия кәсіподақтары мен кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының қатарындағы Шығыс Германия кәсіподақтарының герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы шығып отырғандығының фактісі бұл күресте кәсіподақ ұйымдарының арасында ұлттық және халықаралық көлемде нағыз кең қимыл бірлігін орнатуға жету мүмкін екендігінің айқын дәлелі болады.

Вермахтты қайта тудыру жоспарларын күйретіңіздер!

Наразылық білдіру жиналысы митингтерін, демонстрацияларын ұйымдастырыңыздар. Париж келісімдерін қабылдамауды талап еткен листовкалар мен петициялар таратыңыздар. Парламенттер мен үкметтерге осындай талап қоятын делегациялар жіберіңіздер. Бейбітшіліктің тағдыры сіздерге, сіздердің күрестеріңізге байланысты.

Барлық мемлекеттер, олардың қоғамдық құрылысының айырмашылығына қарамастан, бейбітшілік пен өмір сүре алады. Бейбітшілікпен қатар өмір сүру үшін күресіңіздер! Бейбітшілікпен қатар өмір сүру, қарусыздандыруға және соғыс шығындарының ауыртпалықтарын кемітуге жол ашады. Ол барлық халықтар…

# Қытай мемлекеттік советінің премьері мен Бирманың премьер-министрі арасындағы келіссөздер туралы мазмұндама

ПЕКИН, 12 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі Қытай мемлекеттік советінің премьері мен Бирманың премьер- министрі арасындағы келіссөздер туралы мазмұндама хабарлады. Мазмұндамада былай делінген: Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Советінің премьері Чжоу Энь -лайдың шақыруы бойынша Бирма одағының премьер- министрі У Ну Қытайға ізгі ниетті сапармен келіп кетті. Пекинде болған кезінде премьер-министр У Ну Қытай Халық Республикасының Председателі Мао Цзэ-дунмен, Председательдің орынбасары Чжу Дэмен, Халық өкілдерінің бүкілқытайлық жиналысы тұрақты комитетінің председателі Лю Шао-цимен, мемлекеттік советтің премьері Чжоу Энь- лаймен сондай-ақ басқа да басшылармен Қытайға да, Бирмаға да ортақ маңызы болып отырған мәселелер жөнінде нағыз шын пейілді және достық жағдайда пікірлер алысты.

Осы пікірлер алысу негізінде премьер Чжоу Энь-лай мен премьер- министр У Ну мынадай келісімге келді:

Екі премьер өздерінің 1954 жылғы 29 июньдегі бірлескен декларациясынан кейін Қытай мен Бирма арасында достық қатынастардың жақсарғаны жөнінде қанағаттанғанын білдірді. Екі премьер бейбітшілікпен қатар өмір сүрудің бес принципі екі елдің арасындағы қатынастарды белгілейтін бұлжымас принциптер болып табылатынын дәлелдеп берді. Қытай мен Бирма бұдан былай да әсресе тығыз қатынастар орнатуға, сөйтіп, екі елдің арасында достық ынтымақты нығайта беруге тиіс.

Қытай мен Бирма халықтары арасында кең көлемді қатынастар орнап отырғанына байланысты екі премьер тиісті қалаларда бас консулдықтар құрылуға тиіс деп келісті және мұның өзі таяудағы уақытта істеледі деген үміт білдірді.

Екі елдің арасындағы экономикалық және мәдени қатынастарға көмектесу мақсатымен, теңдік және өзара тиімділік принципіне сәйкес, екі премьер Қытай-Бирма әуе қатынасын ашу, Қытай- Бирма автомобиль жолының қатынасын қалпына келтіру және екі елдің арасында почта -телеграф келісімін жасасу үшін әзірлік шараларын жүргізу қажет деп санайды.

Екі елдің арасында сауданы өркендету мақсатымен екі премьер былай деп келісті: 1955 жылдан бастап 1957 жылдың аяғына дейін Қытай Бирмадан жыл сайын 150- 200 мың тонна күріш сатып алады және осы уақыттың ішінде Бирма Қытайдан Қытайдың бере алатын өнеркәсіп жабдықтарын, сондай-ақ көпшілік тұтынатын товарларын сатып алады.

Бұл елдердің бірінің азаматтары болып табылатын, бірақ екінші елде тұратын адамдардың жағдайын жақсарту мақсатымен екі премьер былай деп келісті: бұл елдердің әрқайсысы екінші елде тұратын өз азаматтарын, яғный Қытайда тұратын Бирма азаматтарын немесе Бирмада тұратын Қытай азаматтарын өздері тұратын елдің заңдары мен қоғамдық дәстүрлерін құрметтеуге және өздері тұратын елдің саяси жұмысына араласпауға ынталандырып отырады. Әрбір үкмет өз елінде тұратын екінші елдің азаматтарының праволары мен мүдделерін қорғауға әзір. Ал мұндай адамдардың ұлты туралы мәселеге келетін болсақ, екі үкмет ең таяуда мүмкіндік туған жағдайда бірқалыпты дипломатиялық жолдар арқылы келіссөздер жүргізетін болады.

Қытай мен Бирма арасында шекара линиясының толық анықталмауы себепті екі премьер бұл мәселені бірқалыпты дипломатиялық жолдар арқылы қолайлы кезеңде, достық рухында реттеуді қажет деп тапты.

Екі премьер Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатымен, бейбітшілікпен қатар өмір сүрудің бес принципін Азия мен бүкіл дүние жүзінің барлық елдері кеңінен қабылдайды деген үміт білдірді. Екі премьер былай деп мәлімдеді: тіпті қазіргі уақытта бір- біріне дұшпандықпен қарап отырған елдердің өздері де, егер бұған шын ниетімен және ізгі тілегімен ұмтылатын болса, бірқалыпты бейбіт және достық қатынастар орната алар еді. Соның өзінде екі премьер бейбітшілік ауданын нығайтуға және ұлғайтуға өздерінің мейлінше мүдделі болып отырғанын білдірді. Егер бейбітшілік ауданы нығайтылатын және ұлғайтылатын болса, қазіргі шиеленістер бірте- бірте бәсеңдетілетін болады, сөйтіп, жаңа соғыстың болу мүмкіндігі азайтылады және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік ісі нығайтылады. Оңтүстік Шығыс Азияда жағдайды бірқалыпқа келтіру үшін Индо-Қытайда бейбітшілік нығайтылуға тиіс. Екі премьер барлық елдердің ұлттық тәуелсіздікке және көркеюге, шетелдік араласудан және агрессиядан азат болуға правосы бар деп санайды.

# Париж келісімдері бекітілмеуге тиіс

## Францияның Ұлттық Бейбітшілік Советінің француз халқына үндеуі

ПАРИЖ, 11 декабрь (СОТА). Францияның ұлттық бейбітшілік Советі француз халқына арналған үндеу жариялап, бұл үндеуде Батыс Германияны қаруландыру …

… Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесіне қатысушылардың бұл жөнінде жасаған сақтандырылулары еске салынған.

сімен іле тікелей өндіріске барып, жұмыстан қол үзбей-ақ жоғары білімге ие болсам ба екен? Ақыры мектептен соң тура заводқа жұмыс істеуге ұйғарды Аркадий. Бірақ бұл ойын ешкімге де білдірмеді.

Оныншы класта оқып жүрген кезі болатын. Мемлекеттік емтихан тапсырар алдында Мамлюткадағы Горький атындағы орта мектепті бітірушілердің арасында мамандық жайында әңгіме болды. Әркім өзінің болашағы туралы ойларын айтысып жатты. Сергей Куликов тағы басқа оқушылар институтқа түсіп, жоғары білімді агроном, дәрігер, педагог болғысы келетіндіктерін айтты:

—Мен, —деді сабырлы дауыспен Гайдаров, —инженерлік мамандық алуды ұйғардым.

—Қандай институтқа түскің келеді?—деп сұрады жолдастарының біреуі. Аркадий қасында отырған құрбыларын көкшіл көзін жымыйта шолып өтті де салмақтап:

—Заводтың институтына, —деп жауап қатты, —онжылдықты бітірген соң-ақ ең алдымен заводқа жұмыс істеуге барамын...

—Дұрыс Аркаша. Алдымен өндіріспен жақынаралық танысып алса, институтта оқу да жеңіл болады...

—Біз де сондай шешімге келдік. Емтиханды тапсырып, кәмелеттік аттестатты алысымен, өзіміздегі жөндеу-механикалық заводқа кірмекшіміз,—деді Палина Тельмина мен Клара Белан.

Содан бері жарты жылдай уақыт өтті Сол кезде мектеп қабырғасында маман жұмысшы болсам деп арман еткен біртоп жасөспірімдер мен қыздар қазір Мамлют жөндеу-механикалық заводында түрлі өндірістік мамандықтарға ие болды. Мысалы Михаил Терезов екіжарым айдай үйренуші болып істеп, 4 разряд слесарь атағын алды. Федор Шпрингер де слесарь. Ал. Аркадий Гайдаров фрезеровщик болып істейді. Клара Белан мен Галина Тальмина —қалып жасаушылар. Бәрінің разрядтары бар.

Бірақ өз бетімен еңбектену өмірінің алғашқы қадамдарында жас жұмысшылар көп қыйыншылықтарға кездесті. Аркадий Гайдаров жұмыс істейтін мотор жөндеу цехы тракторлар мен комбайн моторларының ескі бөлшектерін жөндеп қалпына келтіреді. Ірілі-ұсақты детальдардың бәрі дерлік фрезер станогында өңделіп, ...

ақау жіберді. Бір күні тіркестіру муфтасының бармақшасын тиісті мөлшерден біраз артығырақ жонып жіберіп, ренжіп тұрған оның жанына цехтағы алдыңғы қатарлы фрезеровщиктердің бірі комсомолец Иван Масасин келді. Гайдаров оған өзінің жайын, жұмыстағы сәтсіздіктерін айтты. Иван өзінің жаңа жолдасының сол жақ иығына қолын салып тұрып, Аркадийдің көңілсіз жүзіне күлімсірей қарады да:

—Ештеңе етпейді, бірінші күндері бәрімізде де мұндай кемшіліктер болған. Ең бастысы —жүрексінбе, іске батыл, ерінбей кіріссең бәрін де үйренесің. Білмегенің болса ұялма, сұрап ал маман жұмысшылардан. Көмектесуге мен де әзірмін,—деді.

Осындай қыйыншылықтар орта мектептен тура заводқа келген басқа жастардың жұмыстарында да болды. Бірақ тәжрибелі жасөспірімдер- қыздардың мамандықты ойдағыдай меңгеріп кетуіне заводтың жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері болып көмектесті. Жаңа келген жұмысшылар үшін завод дирекциясы техникалық оқу ұйымдастырды. Олардың алдында слесарь Иван Ткаченко, фрезеровщик Масасин, қалып жасаушы Зоя Карабашева сыяқты маман жұмысшылар өздерінің іс тәжрибесін ортаға салып, жоғары көрсеткіштерге жетудегі әдістерін айтты. Осының нәтижесінде жас жұмысшылар екі- екіжарым ай мерзімнің ішінде-ақ сменалық нормаларын толық орындауға жетісті. Қазір ол көрсеткіштері күн санап өсіп келеді. Бұған көрсеткіш тақталарындағы олардың фамилияларының тұсына жазылған 105, 108- 115 процент деген цифрлар дәлел. Өндірісте табысты еңбек етумен бірге Галина Тальмина мен Клара Белан, Аркадий Гайдаров пен Федор Шпрингер жұмыстан бос уақыттарын пайдаланып оныншы кластың көлемінде өтілген материалдарды да қайталап, пысықтап жүр. Бәрі де келесі жазда жоғары оқу орындарына сырттан оқуға түспекші.

—Қалап алған мамандықтарымызға ризамыз. Жұмыс та істейміз, оқу да оқый аламыз, —дейді олар қазір. —Егер алдағы жылдары кім де кім орта мектеп бітіріп, қандай мамандық алу туралы бізбен ақылдасса, біз мектеп партасынан тура заводқа, колхозға жұмысқа бар деп кеңес берер едік.

**Х. РАХМАТУЛЛИН.**

## Селолық клубта

Приешім ауданындағы Киров атындағы колхоздың клубы колхозшылардың шын мәніндегі мәдениетті және көңілді дем алатын үйіне айналды. Әсіресе, Қазақ ССР халық соттарының сайлауы қарсаңындағы күндерде, клуб үйіне колхозшылар жиі келді. Өйткені бұл үй ерекше сәнге келтірілді, бөлмелері аңадайдан көз тартатын плакаттармен, ұрандармен безендірілді. Сондай-ақ, мұнда сайлау жөнінде, халықаралық жағдай және тағы басқа да мәселелер жөнінде тартымды әңгімелер өткізілді; қызықты ойындар, шағын болғанмен село жұртшылығының мәдени тілектерін толық қанағаттандырарлықтай концерттер, қысқа ғана пьесалар қойылды.

Колхозда үгіт- бұқаралық жұмысы кеңінен өріс алып отыр. Бұл істе колхоз клубы күндізгі уақыттарда үгітшілердің жауынгерлік штабы, кешкі кездерде колхозшылардың саяси тәрбие алатын аудиториясы болып алды.

**Е. САДУОВ.**

тарizмінің қайта тудырылуына қарсы, Париж келісімдеріне қарсы, демократиялық негіздерде Германияны бейбітшілікпен біріктіру үшін бір туысқандар сыяқты күресіңіздер және бірлікті күшейтіңіздер. Париж келісімдерінің бекітілуіне жол бермеңіздер. Егер милитаризм жеңіп жаңа соғыс өртін тұтандыратын болса, онда бірінші құрбандыққа сіздер ұшырайсыздар. Сіздер зеңбірек жемтігіне айналасыздар, ал сіздердің еліңізге құрып кету хаупі төнеді.

Францияның еңбекші еркектері мен әйелдері!

Қарсыласу қозғалысы батырларының құрбандығы босқа кетуіне жол бермеңіздер. Француз халқының ерлік күресі герман вермахттың қайта тудыруға бағытталған әрекеттің бірін бұған дейін бір гресін, әл -ауқат дәрежесінің едәуір артуын қамтамасыз етеді. Жалпыевропалық коллективтік хауіпсіздік системасының құрылуын талап етіңіздер.

Батыс пен Шығыс арасында еркін экономикалық ынтымақ жасалуын талап етіңіздер! Халықтар арасындағы достықты нығайтыңыздар!

Күресте бірігіп, сіздер мызғымас берік күшке айналыңыздар.

Париж келісімдеріне және олардың зардаптарына қарсы, Европадағы жақсы тұрмыс, европалық хауіпсіздік және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолында әділетті күрес жүргізу үшін өз қатарларыңызды топтастырыңыздар.

**Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының Бас Советі.**

Варшава, 10 декабрь. 1954 жыл.

## Корей Халық-Демократиялық Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілінің мәлімдемесі

ПХЕНЬЯН, 12 декабрь. (СОТА). Корей мәселесінің БҰҰ-да талқылануымен байланысты Корей Халық- Демократиялық Республикасы сыртқы істер министрлігінің өкілі мынадай мәлімдеме жасады:

БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясының Саяси комитетінде декабрьдің бірінен сегізіне дейін корей мәселесі талқыланды. Совет делегациясының басшысы Малик корей мәселесін тура және әділ баяндап беру мақсатымен, корей мәселесін талқылауға қатысу үшін Корей Халық-Демократиялық Республикасы мен Қытай Халық Республикасының өкілдері шақырылсын деген ұсыныс енгізді. БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің бірқатар делегациялары мәжлісте совет делегациясымен біркелкі позиция ұстады.

Корей Халық- Демократиялық Республикасы өкілдерінің халықаралық кеңесте корей мәселесін талқылауға қатысу правосы Женева кеңесінде танылған болатын.

Осыған қарамастан, американ делегатының және оның соңынан ерушi бірқатар елдер делегаттарының қулық- сұмдығы салдарынан совет делегациясының ұсынысы қабылданбады.

БҰҰ-дағы совет делегациясы сонымен қатар корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу үшін таяудағы уақытта мүдделі елдердің кеңесін шақыру туралы да ұсыныс енгізді. Бұл ұсыныс Кореяны бейбітшілікпен біріктіруді тездету үшін ақылға сыйымды ең дұрыс ұсыныс болып табылады. Бірақ, американ өкілі және оның итаршылары—БҰҰ-ға мүше бірқатар мемлекеттердің өкілдері, бейтарап мемлекеттердің кейбір делегаттарының қажырлы күш жұмсағанына қарамастан, совет делегациясының бұл әділ ұсынысын да қабылдамады. Ол- ол ма, олар, корей халқының бірігуге ұмтылған жалпы талабына қарамастан, корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуге қарсы шығып отырған және интервенцияға қатысқан 15 елдің қарарын қабылдады.

Ақылға сыймайтын бұл қарарлар БҰҰ-ның өз мақсаттары мен праволарынан бастартқанын және корей мәселесін бейбіт жолмен, ақылға салып реттеу мүмкіндігін пайдаланбағанын тағы да дәлелдеп отыр. БҰҰ-ның корей мәселесі жөніндегі біржақты, Корей Халық Демократиялық Республикасы өкілдерінің қатысуынсыз қабылданған барлық қарарларының ешқандай маңызы жоқ және заңды күші жоқ. Корей Халық- Демократиялық Республикасының Женева кеңесіне қатысқан делегациясының жасаған ұсынысы бүкіл дүние жүзіне мәлім, бұл ұсыныста былай делінген болатын: корей мәселесін корей халқының өзі, шет елдің араласуынсыз, жалпыкорейлік еркін сайлау өткізу негізінде шешуге тиіс. Корей халқы Отанды бейбітшілікпен біріктіруді тездету үшін барлық күшін жұмсайды.

## Париж келісімдеріне қарсы

РИМ, (СОТА). Бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының итальяндық комитеті мынаны хабарлайды: елдің көптеген қалаларында «Батыс Германияны қаруландыруға қарсы күрес күніне» қызу әзірлік жүргізілуде. Римде қазірдің өзінде 40 халық жыйналыстары өткізілді, оларға қатысушылар герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы батыл наразылық білдірді. Венецияда және Венеция провинциясының бірнеше қалаларында жыйналыстар және түсінік әңгімелер өткізілуде.

Анкон қаласының кеме жасау верфтерінің жұмысшылары өздерінің жыйналысында қарар қабылдаған, онда Париж келісімдерін қабылдамауды талап еткен. Қарар депутаттар палатасы мен сенаттың председательдеріне жіберілді.

атап көрсеткен.

«Бұл келісімдерді бекіткен күнде,—делінген үндеуде,—француз депутаттары біздің елімізге және Германиямен көршілес барлық елдерге әрқашан да хауіпті болып келген герман милитаризмінің қатеріне бұл елдерді қайтадан киліктірген болар еді. Бұл келісімдерді бекіткен күнде, Француз депутаттары жаңадан жанталаса қарулануға дабыл берген болар еді. Олар ұлы державалар арасында сенбеушілікті күшейткен болар еді. Олар келіссөздердің қайтадан басталуын қыйындатқан болар еді және проблемаларды бейбітшілікпен шешудің Европада туған қазіргі мүмкіндігін нашарлатқан болар еді».

Үндеуде Париж келісімдерін бекітумен бұл келіссөздер күшіне кіреді деген ұғым әлі тумайды-мыс дейтін батыс насихатының сылтаушылары әшкереленген және ... лықтың алдында және тарихтың алдында жауапты болады, өйткені, осы дауысқа қою кезінде елімізді азат еткеннен кейін он жыл өткенде Батыс Германияны қаруландыру туралы мәселе шешілетін болады. Алдағы күндерде француз халқы мұны өз өкілдеріне айқын мәлімдеуге тиіс.

Ол герман милитаризмін қайта тудырудың күнілгері әзірленіп қойған фактіге айналуына ешуақытта да келіспейді».

«Юманите» газетінің хабарына қарағанда, Сорбанн университеті профессорларының үлкен бір тобы француз үкіметінің басшысы Мендес-Франсқа коллективтік хат жолдап, бұл хатта Батыс Германияны қандай формада болса да қаруландыруға батыл қарсы шыққан. Хатта профессорлар В. Жанколевич, М. Пренан, Л. Базэн, Ж. Кювилье және басқалары қол қойған.

## Карлсруэде ГКП-ге қарсы сот процесі

БЕРЛИН, 11 декабрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабар етуіне қарағанда, Карлсруэдегі кешегі сот мәжлісінде бонндық «негізгі заңның» (саяси партиялардың жұмысын ұйымдастыру және олардың мемлекет тарапынан қорғалуы) 21-ші статьясын түсіндіру туралы мәселе талқыланды.

Компартияны қорғаушылардың атынан сөз сөйлеген д-р Хюч былай деп атап көрсетті: демократиялық партияларға батыс-германиялық конституцияның беріп отырған кепілдемесі, сол сыяқты Германияның коммунистік партиясында толығынан таратылуы тиіс.

Бонн үкметінің өкілі Хенриксен соттың назарын «партиялар туралы заңға» қатысы бар мәселелерді талқылаудан басқа жаққа аударуға тырысты.

Карлсруэдегі процестің басталуынан бері алғаш рет, тек кешегі мәжлісте ғана процестегі ГКП-ның өкілі, орталық басқарманың мүшесі Вальтер Фишке сөз берілді Хенриксенің сөзіне жауап бере келіп, ол былай деп атап көрсетті: бонн өкілдерінің «партиялар туралы заң» жөнінде сөйлегілері келмейтін, Аденауэр үкметінің өздері жүргізіп отырған саясат жөнінде қандай ғана болмасын оппозицияны үндеткілері келмейтіндіктерін дәлелдейді.

Кешегі мәжлісте ГКП-ны қорғаушылардың өкілі д-р Кауль сот мүшелеріне Германия коммунистік партиясына болып жатқан процеске қарсы еңбекшілердің наразылық білдірген көптеген қарарлары мен хаттарын тапсырды.

Келесі мәжліс 14 декабрьде өткізуге белгіленді.

**Редактордың орынбасары**
**Ғ. НҰРМОЛДИН.**




**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«МАРИЕНШТАТТАҒЫ ОҚЫЙҒА»**

Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40 және 10-30 да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ИНЕЛІК»**

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.

Құрылыс- монтаж басқармасына слесарьлар, моторшылар, дизельшілер, тракторшылар КЕРЕК. Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

Мамандығы жоқ жұмысшылар кәсіпорнының есебінен мамандық алуға үйретіледі.

Жұмысқа қабылданғандар істеген жұмысына қарай еңбекақы, көп жылғы еңбегі үшін еңбекақысына 50 процент қосымша ақы алып отырады, арнаулы жұмыс киімімен, төсек- орынмен қамтамасыз етіледі және пәтер ақы беріледі.

Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын бөлімі Балхаш, Екібастұз, Петропавл қалаларында кәсіпорындары мен құрылыстарда және Қарағанды темір жолы жол қызметінің 17-дистанциясында жұмыс істеу үшін ер және әйел жұмысшылар алады.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл қаласы, Папанин көшесі, 98-үйге келіп түсінік алуға болады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор —1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02915. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.